



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №45 (95150) 14 қараша 2025 ж.

Қазақстан мен Ресей президенттері бейресми кездесу өткізгі



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

— Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін табады. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабыл алдым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар.

Владимир ПУТИН:

— Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және перспективті бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына мемлекеттік сапары аясында Мәскеу қаласында «Қазақстан мен Ресей достығы» скверінің ашылу салтанаты өтті. Жаңа саябақ Мәскеудің Оңтүстік әкімшілік округінде, «Алма-Атинская» станциясының маңында орналасқан.

Салтанатты іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, РФ Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары Андрей Яцкин, дипломатиялық корпус өкілдері, сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның танымал мәдениет және өнер қайраткерлері қатысты.

«Ресей мен Қазақстан халықтарының достығына арналған тамаша сквердің ашылу рәсіміне қатысу — мен үшін зор мәртебе. Игі жоба Мәскеу қаласы үкіметінің бастамасымен қолға алынып, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі қолдауымен жүзеге асып отыр. Бұл — екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік пен тату көршілік қатынастардың жоғары деңгейін көрсетеді. Сквердің Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тарихи мемлекеттік сапары қарсаңында ашылып отырғаны да ерекше мәнге ие. Әрине, Мәскеуде де, Ресейдің басқа аймақтарында да, Қазақстанда да осындай қоғамдық орын-



дар аз емес. Дегенмен, олардың көбірек болғаны игі, себебі мұндай нысандар екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен



Президент Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен әңгімелесті

Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

— Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан — мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады, — деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

— Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты — өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі, — деді Президент.

Мәскеуде «Қазақстан мен Ресей достығы» сквері ашылды



Ресей мен Қазақстанды ғасырлар бойы қалыптасқан тату көршілік дәстүрлері мен ортақ рухани құндылықтарға негізделген берік байланыс біріктіретінін айтты. Бұл байланысқа тарихы тереңде жатқан мәдени ынтымақтастықтың үздіксіз дамуы негізгі тірек болып отыр.

Министрдің пікірінше, мәдениет екі ел үшін де ағартушылыққа, ұлттық болмыс пен бірлікке бастайтын «рухани көпірге» айналды. Ол өз сөзінде осы жыл да халықтар арасындағы мәдени және шығармашылық байланыстардың мызғымас дәстүрге және бай мазмұнға ие екенін тағы бір мәрте дәлелдегенін атап өтті.

Айта кету керек, биылғы мамыр айында Астанада «Қазақстан мен Ресейдің Мәңгілік достығы» аллеясы ашылған болатын.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

ұрпақтар сабақтастығын айғақтай түседі», — деді Андрей Яцкин.

Іс-шара барысында Аида Балаева

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА 330,3 МЛРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Жетісу облысы халықаралық серіктестік аясын кеңейтіп жатыр. Қазіргі кезде өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырудың арқасында Сауд Арабиясы, Германия, Бельгия, Чили, ҚХР, Иордания, Пәкістан елдерінің инвесторларымен ынтымақтастық орнатылуда. Жалпы, жыл басынан бері облыс экономикасына 330,3 млрд теңге инвестиция құйылды. Соның 35 млрд. теңгеге жуығы - шетелдік инвесторлардың тікелей инвестициясы, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғандағы көрсеткіштен 3 есеге артық, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, бүгінгі күнге өңірде құны 2,9 трлн теңге болатын, 13 мың жұмыс орны құрылатын 110 жобадан тұратын инвестициялық пул құрылған. Олардың ішінде ірілерін атап өтсек, «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс комбинаты» компаниясының 2 мың жұмыс орнын құратын металлургия комбинаты салынуда. Сол сияқты «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағында германиялық «Skyhansa» компаниясымен бірлесіп, халықаралық әуежайдың құрылысы қолға алынады. Бұл әуежай жобасында сағатына 500 адамға дейін жолаушы өткізетін терминал салу, 50 мың тонна жүк айналымы мүмкіндігі қарастырылған, сонымен қатар туристік және сауда-ойын-сауық бағытын дамытуға ықпал етпек.

Ал өндіріс және өңдеу салаларында Чили, Пәкістан, ҚХР, Қырғызстан инвесторларының қатысуымен тегістегіш болат шар, газ-бетон блоктарын, еден жабындарын өндіретін зауыттар мен ұн тарту кешені іске қосылады деп жоспарланған.

Баламалы энергия көздері саласының

да әлеуеті зор. Бұл саланы дамытуға өңірде күн, жел және тау өзендерінің суы сияқты қажетті табиғи жағдайлар жеткілікті. Атап өтсек, бүгінде Жетісу облысында жалпы қуаттылығы 251 МВт-тан асатын 18 жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істеп тұр. Биыл Ескелді ауданындағы Қора өзенінде қуаттылығы 26 МВт болатын Қора су электр станциясы іске қосылды. Сонымен қатар энергетика және жаңартылатын энергия көздері саласында бірқатар жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да жел генераторлары мен энергия сақтау жүйелеріне арналған жабдық өндіретін зауыттың құрылысы, сондай-ақ Қербұлақ ауданында қуаттылығы 110 МВт болатын күн электр станциясының жобасы бар.

– Жетісу облысының инвестициялық саясаты халықаралық әріптестікті тереңдетуге, экспорттық әлеуеті бар өндірістерді дамытуға және экономиканы әртараптандыруға бағытталған. Жалпы өңірде бес стратегиялық бағыт - агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік, логистика, туризм, баламалы



энергетика және өнеркәсіп бойынша жұмыс жүргізілуде. Жетісу – Қытаймен шекарасында бес кеден бекеті бар республикадағы жалғыз өңір. Сонымен қатар біздің аймақ арқылы Қытайдан Еуропаға жүк небәрі 10 күнде жеткізілетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрлықтық автоделізі өтеді. Географиялық артықшылықты тиімді пайдаланып, халықаралық әріптестікті кеңейту арқылы біз Бельгия, Германия, Чили, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Иордания сияқты алыс шетелдерінің ірі инвесторларымен жұмысты табысты жүргізіп келеміз. Мұның бәрі өңір экономикасына инвестиция тартуға, жаңа өндірістер ашып, жұмыс орындарын құруға, өңір үшін ба-сым секторларда ұзақ мерзімді әріптестік байланыстар орнатуға мүмкіндік береді, – деді Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов.

Сол сияқты биыл құны 50,6 млрд теңге болатын 25 инвестициялық жоба қолға алынған, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және энергетика салаларына қатысты 10 жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында өндірістік «Қайнар-АКБ» зауытының аккумулятор-

лар шығаратын жаңа желісі, керамикалық плиталар шығаратын «Алмаз Керамикс» ЖШС-ның өндірісін кеңейту және басқа да жобалар бар.

– Біздің зауыт облыстағы ең ірі, жүйекұраушы кәсіпорынның бірі. Мұнда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі 33,6% құрап отыр. Мұнда жеңіл және жүк автокөліктерінде, ауыл шаруашылығында, әскери техникада т.б. салаларда қолданылатын аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрі шығарылады. Оған қоса жуырда зауыттың резервте қуат беруге арналған үшінші өндірістік учаскесін іске қостық. Жаңа цехтарда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі, - дейді «Қайнар-АКБ» зауытының бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.

Атап өтсек, жыл соңына дейін облысқа тартылатын инвестиция көлемі 573 млрд теңгеге жетеді деп жоспарланған, соның 430 млрд теңгесі бюджеттен тыс инвестиция болмақ.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»: ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН САУМАЛДАН БАЛМҰЗДАҚ ӨНДІРЕ БАСТАДЫ

Жетісу облысында үш баланың анасы, 25 жылдан бері үй жағдайында сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын жас кәсіпкер саумалдан балмұздақ өндіре бастады. Ол өз тауарын «Бір ауыл – бір өнім» көрмесінде таныстырған, енді кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатысу арқылы өндіріс процесін автоматтандыруды жоспарлап отыр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан ауданы Сарқан қаласының тұрғыны Райгүл Закарияқызына үй жағдайында балмұздақ өндіру туралы ойды алғаш кенже ұлы айтқан екен. Бие сүтінің емдік қасиеттерін ескере отырып, ол балмұздақ жасауға саумалды пайдаланғанды жөн көрген. Сөйтіп балмұздақтың құрамына үйдің қаймағы мен бал қосып, өз рецепті жасап шықты. Отбасы мүшелері оның дәмін жоғары бағалап, бұл Райгүлді өнімін одан әрі жетілдіруге ынталандырылды.

–Отбасында үш ұлтәрбиелеп отырмыз. Тұрмысқа шыққан соң жұбайым екеуіміз мал шаруашылығымен айналыстық. Бұл саланың қыр-сырын меңгеріп, жұмыс істеп жүргеніме шамамен 25 жыл болды. Әрине, еңбегі ауыр. Жаз айларында таңғы сағат 3 жарымнан, қыста 5-тен тұрамыз. Сиыр, бие ұстаймыз. Жолдасым мал күтімімен, ал мен сүттен тағам жасау жұмыстарымен айналысамын. Құрт, май, қымыз және басқа да өнімдер дайындаймын. Оларды жергілікті тұрғындар жақсы



алады. Ал жаз мезгілінде тіпті Алматы, Астана, Атырау қалаларынан да келіп, емдік саумал ішетіндер бар. Ал кейінгі кезде кенже балам балмұздақты қатты жақсы көретіндіктен, мен балмұздақты үй жағдайында жасап көруге бел будым, – дейді Райгүл Закарияқызы.

Сөйтіп осы талпынысының нәтижесінде жасанды қоспа мен бояусыз, ұлттық тамақтану ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған пайдалы әрі дәмді балмұздақ алынды.

– Ежелден ата-бабаларымыз бие сүтінің жоғары емдік қасиетін жақсы білген. Сондықтан оны балалар тағамында пайдалану орынды деп есептеймін. Алайда саумалдан балмұздақты қолдан дайындауға өте ұзақ уақыт кетеді екен. Әр жарты сағат сайын ингредиенттерді жақсылап араластырып, сосын салқындатып қойып, толық қоюланғанша

қайта-қайта араластырып отыру керек, содан кейін ғана 4 сағатқа тоңазытқышқа қоямыз. Сол себепті әзірге балмұздақты тек отбасым үшін ғана жасап жүрмін. Ал өндірісті кеңейту үшін маған арнайы жабдық керек, сондықтан мен бизнеске қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатыссам деп отырмын. Оған қоса «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жартылай финалисі атандым. Келесі жылдан бастап осы жоба аясында менің жаңа өнімімді дамытуға қолдау көрсетіледі, – деді жас кәсіпкер.

Жетісу облысының Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының мәліметіне қарағанда, бұл жоба оны іске асырудың барлық кезеңдерінде толық сүйемелденеді. Оған маркетинг негіздері, қаржылық сауаттылық және жалпы кәсіп жүргізу қағидаттары бойынша оқыту да кіреді.

– Райгүл Закарияқызының өнімі жоғары сапалы. Қаңтар айынан бастап біз оның өнімін сертификаттау жұмысын бастаймыз. Кейін қаптамасын әзірлеумен қатар, кәсіпкердің білімін арттыру бағытында да бірлесе жұмыс істейтін боламыз. Біздің басты мақсатымыз – үй жағдайында жасалатын өндірісті нарыққа шығару. Мысалы, «Бір ауыл

– бір өнім» жобасының финалистері де бастапқыда Райгүл секілді өз ісін шағын көлемде бастаған. Қазір олар өз өнімдерінің түрлерін көбейтіп, жергілікті дүкендерге, сондай-ақ Алматы қаласына да шығарып отыр. Біз оларға жеке бренд қалыптастыруға көмектестік деп айта аламыз. Мысалы, Көксу ауданында бал және басқа да ара шаруашылығы өнімдерін дайындайтын кәсіпкер әйел, сол сияқты әжелеріміздің көне рецепті бойынша ашытқысыз нан пісіретін ақсулық тұрғын, осындай табысты мысалдар көп. Біздің облыс тұрғындары еңбекқор, үнемі дамуға ұмтылады. Ал біздің мақсатымыз – олардың идеяларын нақты, тұрақты табыс әкелетін бизнеске айналдыруға қолдау көрсету, – деді облыстық Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының менторы Светлана Оңғарбаева.

Атап өтсек, биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, Жетісу облысында 62 740-тан астам белсенді шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,3%-ға көп. Сонымен қатар «Бір ауыл – бір өнім» жобасы іске асырыла басталғалы бері 9 финалист мемлекеттік грант иегері атанып, жалпы сомасы 45 миллион теңге көлемінде қолдау алған. Жалпы биылғы жылы өңірде шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары аясында субсидиялар, кепілдіктер және гранттар беру арқылы түрлі 111 жоба қаржыландырылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

● Жолдау - өрлеу өзегі

Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан

Жасанды интеллект және цифрлық даму – жаңа дәуірге бастар жол. 2025 жылғы 8 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы — еліміздің жаңа технологиялық кезеңге қадам басқанын білдіретін айқын бағдар болды. Бұл құжатта цифрлық трансформация, жасанды интеллект, деректер қауіпсіздігі, цифрлық экономика, кадрлық әлеует және мемлекеттік басқарудың жаңғыруы сынды маңызды тақырыптар қамтылды және «Е-Архив» жұмыс жүргізуі және электрондық архивтер «Е-Архив» ақпараттық жүйесіде жұмыс жасау бойынша іске асыру және енгізу бойынша тапсырма берілді.

Қазақстанда цифрлық трансформация соңғы жылдары қарқын алғанымен, әлі де жүйелі деңгейге толық жеткен жоқ. Электронды үкімет, бірқатар онлайн қызметтер мен цифрлық платформалар енгізілгенімен, ауылдық өңірлердегі инфрақұрылым әлсіз, ал мемлекеттік органдар арасындағы дерек алмасу жүйесі әлі де толық интеграцияланбаған.

Президент Жолдауда ұсынған үш жыл ішінде цифрлық мемлекетке көшу идеясы – нақты стратегиялық мақсат қойып, соған қарай жүйелі түрде жұмыс істеу қажеттігін білдіреді.

2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасындағы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесінің іске қосылғанын хабарлайды.


Қазіргі уақытта, Министрлікпен тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдардың, аудан, қала әкімдіктерін және олардың бөлімдерін «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесіне қосу жүзеге асырылуда. «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесіне ведомстволық және мемлекеттік архивтердің қызметінің негізгі бағыттары, жалпы ведомстволық мекемелерде істер номенклатурасы бойынша құрылған барлық құжаттары «Е-Архив» ақпараттық жүйесіне енгізу талап етілуде.

Қазіргі таңда, «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалының толықтыру көздері болып табылатын мекемелері «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесіне 16 мекеме қосылып, 1198 сақтау бірлігі, 5759 парақ енгізілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ең негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы тұрғындарының өмір сапасын жақсарту. Архив құжаттарын цифрлық форматқа көшіру – өңірдің тарихы және ертеңгі болашағымыз үшін аса маңызды. Архивтерде, кітапханаларда, музейлерде сақталған мол құнды қорымыз, мәдениетіміз, мұрағатымыз бар. Сондықтан біз бағдарламаны жүзеге асыру барысында құжаттарды сапалы түрде сақтап, қоғамға тиімді жолмен, әрі оңай ақпарат беру үшін қызмет етудеміз.

Мемлекет басшысының Жолдауын ел болып бір бағытқа алып, жұмыла жұмыс атқарайық.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивисі.



Азаматтар енді өз өтінімдерінің орындалу барысын
«ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы бақылай алады

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үдерісі аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «ЦОН» мобильді қосымшасына жаңа мүмкіндік қосты. Енді азаматтар мемлекеттік қызметке берген өтінімдерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде көре алады.

Өтінім мәртебесін көру үшін қолданушы қосымшадағы «ХҚКО қызметтері» немесе «Арнайы ХҚКО қызметтері» бөлімін таңдап, өтінім нөмірін енгізуі керек. Бұл жаңашылдық қызмет көрсету процесін барынша ашық етіп, азаматтарға өтінімнің қай сатыда тұрғанын және нәтижені қашан алуға болатынын нақты білуге мүмкіндік береді. Ең бастысы – енді өтінім мәртебесін білу үшін ХҚКО-ға барудың қажеті жоқ.

Жаңа функция азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қызметтерге деген сенімді арттырады. Өр қолданушы өз өтінімінің қаралу кезеңін көріп, кез келген өзгеріс туралы жедел хабардар бола алады.

«Өтінім мәртебесін бақылау жүйесін енгізу – мемлекеттік қызметтерді жаңғыртудың маңызды қадамы. Бұл шешім ашықтықты арттырып, халыққа қызмет көрсетудің қолайлылығын күшейтеді. Мұндай цифрлық бастамалар Президент Жолдауында айтылған цифрлық трансформация міндеттерімен үндесіп, мемлекеттік қызмет сапасын жаңа деңгейге көтереді», – деді Арман Кенжеғалиев, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Басқарма Төрағасы.

Қосымшада сонымен бірге электронды қолхаттарды сақтау және көру мүмкіндігі іске қосылған. Бұл қолхат – өтінімнің қабылданғанын немесе қызметтің көрсетілгенін растайтын ресми құжат. Ол автоматты түрде «Тапсырыс тарихы» бөлімінде сақталады.

Мемлекеттік корпорация алдағы уақытта да азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта жылдам әрі ыңғайлы түрде ұсынуға бағытталған жаңа цифрлық шешімдерді енгізуді жалғастырады.

ДЕСТРУКТИВТІ КОНТЕНТ ТАРАТҚАН 7 АЗАМАТ АНЫҚТАЛДЫ

Жетісу облысында діни ахуал тұрақты. Бұл туралы облыстық дін істері басқармасының басшысы Сағыныш Жаңабай Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Басқарма басшысының айтуынша, соңғы екі жылда өңірге өзге аймақтардан 11 білікті маман тартылған. Биылғы жылы қосымша 10 штат бөлініп, әр аудан мен қалада теолог мамандар тағайындалған. Сонымен қатар басқармаға қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығының» штаты да ұлғайған.

Бүгінде облыс аумағында 11 конфессияға біріктірілген 269 діни бірлестік пен филиал тіркелген. Онда 340-тан астам діни қызметкер еңбек етеді.

Облыстағы миссионерлердің қызметі де заң аясында жүргізілуде. Оларға қатысты заң бұзушылық фактілері тіркелмеген. Керісінше, миссионерлер мен протестанттық бағыттағы шіркеулер қызметкерлеріне қазақ тілін үйрету және ұлттық мәдениетпен таныстыру курстары ұйымдастырылған.

Жыл басынан бері сегіз жаңа имам өңір мешіттеріне қызметке орналасты. Сонымен қатар басқарманың мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы аясында имамдарға арналған оқыту курстары ұйымдастырылып, кадрлық әлеует күшейтілді.

Дін істері басқармасы конфессияаралық келісімді сақтау мен қоғамдағы рухани бірлікті нығайту бағытында кешенді жұмыстар атқаруда.

Діни бірлестіктер жетекшілерінің Клубы құрылып, оның аясында түрлі форматтағы кездесулер, спорттық жарыстар, экологиялық акциялар мен тарихи орындарға сапарлар ұйымдастырылды.

Интернет кеңістігінде деструктивті контенттің алдын алу мақсатында «Киберқадағалау» жүйесі белсенді жұмыс істейді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында республика бойынша жүйеге 73 мыңнан астам сілтеме жүктелген. Соның ішінде Жетісу облысына тиесілі 2500-ден астам материал енгізілді.

Жыл басынан бері әлеуметтік желілерде деструктивті ағым идеологиясын таратқан 7 азамат анықталды. Оның екеуіне 20 АЕК (76 840 теңге) көлемінде айыппұл салынды, үшеуі парақшаларын өшірді, екеуі өңірден тыс аймаққа қоныс аударды. Тағы екі пайдаланушының парақшалары сараптамаға жіберілді.

Деструктивті ағым ықпалындағы азаматтармен жұмыс күшейтілген. Осы мақсатта басқарма жанынан «Психокоррекциялық кабинет» және мобильді «Ре-амобиль» жобасы іске қосылды. Бұл құрылғылар деструктивті ағым өкілдерімен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, «Бірлік», «Атамекен», және «Жан жылуы» жобалары аясында нысаналы топтарға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетілуде.

ЖОБА

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

Сарқан ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 726-бабына сәйкес Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Сарқан ауданы бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М.Разбеков

ПРОЕКТ

РЕШЕНИЕ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Сарканском районе

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148 "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" и статьей 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года № 214-VIII «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) маслихат Сарканского района РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации производится налогоплательщиком самостоятельно путем применения к объекту налогообложения за отчетный налоговый период ставки в Сарканском районе с 4 (четыре) процентов на 3 (три) процента.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель Сарканского районного маслихата

М. Разбеков

СУ - тіршілік көзі

Су – тіршіліктің көзі. Қандай уақыт болмасын ауыз судың мәселесі қай ел үшін алдыңғы орында. Бүгінде бұл мәселені шешу жолында көптеген жұмыстар атқарылуда.

Су киелі зат. Сусыз тіршілік жоқ екенін дәлелдей отыра, өз жеріміздегі сулы жерлерді пайдалану, адам тіршілігі үшін маңызды және қажетті зат, оны үнемді қолдана отырып, қамқорлыққа алу әрбір адамның борышы.

Биыл, яғни 2025 жылы Сарқан ауданы әкімдігінің шаруашылық құқығындағы «Сарқан су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының құрылғанына 45 жыл толып отыр.

Талдықорған облыстық коммуналдық шаруашылық басқармасының 10.04.1980 ж. №26 бұйрығының негізінде Су құбыры және кәріз жүйесінің Сарқант учаскесі ашылды.

1987 жылы Сарқант су құбыры және кәріз учаскесі Сарқант су құбыры және канализацияның шаруашылық есептегі учаскесі болып атауы өзгерді.

Сарқан су жүргізу және су құбыры шаруашылық бөлімі 28.10.2008 ж. №1236 Сарқан ауданы әкімдігінің қаулысына сәйкес Сарқан ауданы әкімдігінің шаруашылық құқығындағы «Сарқан су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны болып құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшылары Сарқан ауданының әкімдігі болып табылады.

Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік меншік құқығын Сарқан ауданының әкімдігі жүзеге асырады.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Сарқан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй-инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Су құбыры - бұл күрделі қондырғы. Оның көмегімен тұрғындармен, өндіріс және шаруашылық орындарын бір орталықтан сумен қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік меншігіндегі су шаруашылығы жүйелерін және құрылыстарын күтіп ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпорынның мақсаты қолданып жүрген сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің пайдалану жағдайын сақтау үшін оларды қалпына келтіру, тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету кезінде альтернативтік бастаудың жаңа түрлерін дамыту, сапасын стандарттық нормаларға және санитарлық талаптарға сәйкес ауыз сумен қамтамасыз ету.

«Сарқан Су құбыры» ШЖҚ МКК мекеме қызметкерлері кәріз жүйесін тазалау жұмыстарын жүргізіп тұрады. Сарқан қаласында ауыз су мәселесі жыл өткен сайын оңтайлы шешімін тауып келеді. Бұл мәселе мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асып жатыр. Қай кезде болмасын ауыз судың сапалы болуы маңызды.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының
мемлекеттік архиві» КММ Сарқан
филиалының жоғарғы санатты
архивісі.

Наркомания и табакокурение

Студенчество и подростковый период – беззаботная пора. Свобода, самостоятельность, отсутствие родительского контроля. Кому то этот период дает возможность самостоятельно добиться своей цели встать на ноги. А для кого – эта хорошая школа жизни, урок который вряд ли захочется повторить. У всего есть свои плюсы и минусы.

И в студенческой жизни также. Только главное чтоб эти минусы из жизни не превратились бы в трагедию. Вырвавшись из под родительского надзора повзрослевшие подростки не до конца понимая смысл слов – самостоятельность считают что им все позволено и никаких последствий быть не может. Принцип в жизни надо все попробовать и все успеть становится основным. И тогда начинаются бессонные ночи на дискотеках, алкоголь, курение. И было бы не так страшно, если бы только этим ограничивалась долгожданная свобода. Только зачастую у нее есть продолжение. Самое опасное и коварное – наркотики.

Всем известно что наркотики – это плохо, это нельзя. Многие находят оправдания в том что наркотики бывают разные

и я если балуюсь то только легкими наркотиками.

Но не бывают легких наркотиков. Легкие наркотики не менее опасны и также быстро разрушают личность человека как и остальные. Чем опасны легкие наркотики?

С медицинской точки зрения употребление наркотических веществ группы каннабидов (морехуана) психостимуляторов. Пристрастие к производимым коноплями, психостимуляторам и галлюциногенным характеризуется следующими свойственными для наркомании признаками:

1. Развитие психической зависимости тяги к наркотическим препаратам, стремление к состоянию наркотического опьянения.

2. Нежелание больного признать наличие болезни – наркомании. Данный факт проявляется в винушениях – я только балуюсь наркотиками. Я покурив за компанию. Я могу бросить в любой момент. Это основной фактор прелятствующий современному лечению.

3. Деформация характера и расстройства личности.

•101 ескертеді

Меры ПБ в отопительный период

Основные причины "печных" пожаров:

Во-первых, нарушение правил устройства печи: недостаточные разделки дымовых труб в местах их прохождения через деревянные перекрытия, а также малые отступки - расстояния между стенками печи и деревянными конструкциями перегородок и стен дома; отсутствие предтопочного листа. Под печь возводится самостоятельный фундамент.

Во-вторых, нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печи: розжиг печи бензином, керосином и другими легковоспламеняющимися жидкостями; использование дров, длина которых превышает размеры топливника; перекашивание печей; оставленные открытыми дверки; сушка одежды или других предметов вблизи очага.

Рекомендации по монтажу и эксплуатации печного отопления:

Необходимо помнить, что в печи ценится, не только хорошая тяга, теплоотдача, экономичность и эстетические качества, но и безопасность.

Неправильно сложенная печь может стать причиной пожара в доме. Чтобы этого не случилось, не поручайте кладку печи лицам, не знакомым с правилами пожарной безопасности при устройстве печного отопления.

Перед началом отопительного сезона печи необходимо проверить и отремонтировать, дымоходы следует очистить от сажи и побелить. Неисправные печи, камины и дымоходы не должны допускаться к эксплуатации.

Печь обязательно должна быть белой это позволит своевременно обнаруживать неисправности, трещины в печи которые могут привести к пожару, так как на белом фоне хорошо заметен чёрный след от дыма.

Правила поведения при пожаре: - при обнаружении пожара или признаков горения (задымление, запаха гари, повышенной температуры) незамедлительно сообщить по телефону 101 или 112; - при этом назвать адрес объекта, место возникновения пожара и сообщить свою фамилию; - в случае угрозы жизни людей немедленно организовать их спасение, используя для этого имеющиеся силы и средства; - до прибытия пожарного подразделения использовать в тушение пожара имеющиеся первичные средства пожаротушения (вода, песок, снег, огнетушители, тканевые материалы, смоченные водой); - удалите за пределы опасной зоны людей пожилого возраста, детей, инвалидов и больных.

А.КАБДЕШОВ,
старший инженер ОЧС Сарканского района,
старший лейтенант гражданской защиты.

Пожар – это всегда беда

Однако, не все знают элементарные правила поведения в случае пожара. И даже знакомое с детства - «звоните 101» - в панике забывается. Главное правило – никогда не паниковать!

Опасность пожаров подстерегает не только на предприятии, учреждении, но и в быту: - в жилой квартире, в личном автомобиле или в гараже, садовом участке и т.п. Так же, как и на производстве, жилые и другие помещения необходимо обеспечить первичными средствами пожаротушения (огнетушителями и т.п.),

В квартирах и жилых комнатах не допускается: - хранить легковоспламе-



няющиеся и горючие жидкости, газовые баллоны на балконах и лоджиях; - пользоваться газовыми баллонами в жилых домах выше 2-х этажной застройки; - курить в постели, а также не в специально отведенных местах для курения; - выбрасывать окурки с балконов и лоджий; - бесконтрольно оставлять на плите готовящуюся пищу и включенные бытовые электроприборы (телевизоры, утюги, чайники, фены и т.п.); - оставлять детей без присмотра.

Запомните первое и обязательное правило: даже при слабом запахе дыма в квартире, не говоря уже об открытом пламени, необходимо вызывать пожарных по телефону «101» или 112.

4. Нарастающая социальная самоизоляция, ухудшение семейных отношений.

5. Постепенная утрата инстинкта самосохранения и совершение суицидальных попыток.

6. Увеличение риска заражения гепатитами ВиС, ВИЧ, СПИДом.

7. В длительном и регулярном приеме препаратов коноплями и психостимуляторов формируется абстинентный синдром, проявляющаяся психическими, неврологическими расстройствами.

8. Риск развития специфических осложнений. 1. Патология СС системы от употребления каннабиодов. 2. Судорожные припадки при употреблении. 3. Хронические психозы от употребления препаратов коноплями, галлюциногенов.

По данным некоторых экспертов свыше 90% пациентов имеющие диагноз опийная наркомания, начали наркотизацию с употребления препаратов коноплями и клубных наркотиков.

С. ТУЛЕГЕНОВА,
врач-терапевт
ЦРБ Сарканского района.

Электр құралдарындағы өрт қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі талаптарымен электротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзінді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарын пайдаланған кезде: - электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға; - тежегіштердің балқығыш ендірімелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірімелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады; -ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға; -ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға; -электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға; - жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Е.ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы Төтенше
жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.

Попытки самостоятельно справиться с огнем чаще всего бывают безрезультативными и приводят к потере времени, что приводит к значительному развитию и распространению пожара.

Сообщив о пожаре в пожарную охрану, выведите в безопасное место взрослых и детей, больных и престарелых, оповестите соседей из ближайших квартир, комнат. Пользуясь электрошпитом на лестничной площадке или в квартире, отключите электроэнергию. Перекройте подачу газа на кухне. Если ваш дом оборудован системой дымоудаления, запустите её. Не дожидаясь прибытия пожарных, приступайте к тушению пожара подручными средствами - водой из ведра, огнетушителями, мокрой плотной тканью и т.п.

Е.ЖАПАРГАЛИ,
старший дознаватель ОЧС Сар-
канского района, старший лейтенант
гражданской защиты.

Жомарт ИГИМАН

Ана жылдары Екіаша мен Аманбектер аралығындағы таңғажайып тас туралы естігенбіз. Жұрт жайлауға жаппай шығатын кеңестік кезеңде Ақсу, Сарқан аудандарының көші осы тастың маңайындағы қара жолмен өтеді екен. Сол бір кездегі көкейде қалған көріністі сыйлас бір ағамыз іздегісі келді. Біз Аманбектер жағынан барып біраз жерді шарлап қайтқанбыз.

Жаздың жаймашуақ айында Әулиетасты көрудің сәті түсті. Екіашадан Баянбайға баратын жолға түскенбіз. Шағын ауылға бұрылар тұсқа жетпей Үлкен Басқан кардонына қарай бұрылды. Сол екі аралықта талай адам арнайы келіп басына түстеніп, тәу етіп, уақыт болса түнеп кететін Әулиетас көзге шалынды. Жақпар тастың бұл жерге адам қолымен емес Жаратылыстың құдіретімен орын тепкені анық. Бізді қайран қалдырғаны - бір жағына сәл қисайып тұрған құж жартастың тіреуі. Ол да әдейі келіп ұстын діңгегі ретінде қойылған жартас бағана. Ұстын мен жақпар тастың арасы күні кеше ғана орналастырылғандай біте қайнасып кете қоймаған. Жолбасшы орманшылар осы алып жартастың үстінде табиғи тас бесік барлығын әңгімелеп берді. Тау-тасқа еркін өрмелеп жүрген альпинист емес екендігіміз еске түсіп, қызығушылығымыз болса да жақпар тастың үстіне шығуға тәуекел ете қоймадық. Ал Әулие тастың үстіне неге шығып көрмеске, деген ой да туатын шығар?! Бұл тас өте алып болғандықтан, құрал-жабдық, альпинисттер болмаса, жай адамның шығуы мүмкін емес. Тас өте биік, әрі жұмыр. Өзеннің бастау алатын жерінде тұрған тасқа қатысты өзенді де, Әулие атаған болар...

Жолсеріктерімізбен бірге екі қабатты үлкенүйдей Әулиетастың қабырғасындағы тереңдеп енген алып адам ізіне қызыға қарадық. Жаратылыстың кереметіне еріксіз ден қойдық. Тылсым жұмбағын ішке жасырған Әулиетасқа келгендер төңірегіндегі тас бұлақтан сусындап, та-



Әулиетас

мырын тереңге жіберіп, жапырақ-желегін жайған жеміс ағаштарына жыртис жыртис іліп кетуді дәстүрге айналдырыпты.

Үлкен Басқан мен Кіші Басқанның ортасына кішігірім Әулие атты өзен ағады, ол да Басқан өзеніне құяды. Ал өзеннің «Әулие» атауы туралы ел аузында мынандай аңыз бар.

Өзеннің бастау алатын маңында

үлкен қара жартас бар, айналасында басқа тастар кезікпейді. Халық бұл тасты қасиеттеп, Әулие тас деп атайды. Оның себебі, бағзы замандарда осы жерді үлкен әулие мекендепті. Сол адам өтіп бара жатып, аллаға тәуіп етіп, намаз оқыған екен. Намазын сол тастың үстіне оқыпты. Жұрттың айтуы бойынша тастың үстіне Әулие бас ұрғанда маңдайының,

екі қолының, екі тізесінің, екі аяғының ізі тасқа қалған көрінеді-міс.

Біздің көргеніміз осы. Білгіміз келетіні - Әулиетас жайындағы аңыздар мен әфсаналар. Бұл жақпар тастың астарында қандай құпия жатыр? Біз үшін, осы жердің тұрғындары үшін туған жердің тастары да қымбат!

Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге биологиялық тәсілдергі қолдану және оларды қыша мен бор қосу арқылы пайдалану

Қазіргі таңда экология мәселесі адамзат үшін аса маңызды болып отыр. Халық санының өсуі, өндірістік секторлардың қарқынды дамуы және тұтыну мәдениетінің кеңеюі тұрмыстық қалдықтардың көлемін күннен-күнге арттыруда. Дұрыс басқарылмаған қалдық қоршаған ортаға зиян келтіреді, топырақ пен су ресурстарын ластайды, сондай-ақ адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қалдықтарды қайта өңдеу және оларды тиімді пайдалану бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Биологиялық тәсілдер – қалдықтарды микроорганизмдер, ферменттер немесе табиғи процестер арқылы ыдырату әдісі. Бұл әдіс химиялық немесе механикалық өңдеуге қарағанда экологиялық таза, энергия үнемдейтін және тиімділігі жоғары технология болып табылады. Мысалы, ас үй қалдықтары, бақша қалдықтары, қағаз және картон биологиялық жолмен ыдырап, компост немесе биогаз өндіруге жарамды.

Биологиялық тәсілдердің артықшылықтары көп. Біріншіден, бұл әдіс қоршаған ортаға зиян аз келтіреді, улы қалдықтардың мөлшері азаяды. Екіншіден, органикалық қалдықтарды ыдыратып, топыраққа пайдалы элементтер қосуға болады, яғни дайын өнімді тыңайтқыш ретінде қолдануға болады. Үшіншіден, дәстүрлі өңдеу әдістеріне қарағанда энергия шығыны төмен, бұл коммуналдық қызметтерге де тиімді.

Соңында, биологиялық тәсілдер қалдық көлемін қысқартады, бұл қалдықтарды сақтау және тасымалдау шығындарын азайтады.

Қыша мен бор қосу – биологиялық тәсілдің тиімділігін арттырудың маңызды жолы болып саналады. Қыша бактерияларға қарсы қасиетке ие, яғни патогенді микроорганизмдердің өсуін тежейді. Бұл тұрмыстық қалдықтарды ыдырату процесін қауіпсіз етеді және компосттың сапасын арттырады. Сонымен қатар, қыша органикалық заттардың ыдырауын жылдамдатады, компост дайындық мерзімін қысқартады.

Бор – микроэлемент ретінде топырақ үшін маңызды. Қалдықтарды бор қосып өндегенде дайын компостта бор мөлшері артады, оны кейіннен ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану мүмкін болады. Бор өсімдіктердің өсуін ынталандырып, топырақтағы қоректік заттардың балансын сақтауға көмектеседі. Осылайша, қыша мен борды қолдану биологиялық тәсілдердің экологиялық және экономикалық тиімділігін арттырады.

Қалдықтарды биологиялық жолмен өңдеу бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, қалдықтарды сұрыптау қажет. Органикалық қалдықтар – ас үй қалдықтары, бақша қалдықтары, қағаз, картон; бейорганикалық қалдықтар – пластик, металл, әйнек. Қауіпті және улы заттар алдын ала алынуы тиіс.

Екіншіден, сұрыпталған қалдықтар



арнайы компост қондырғыларында немесе ашық алаңдарда микроорганизмдер арқылы ыдырайды. Процесс кезінде температура, ылғалдылық және ауа алмасу қатаң бақылауда болады. Бұл кезеңде қалдықтардың сапасы мен ыдырау тиімділігін арттыру үшін қыша мен бор қосылады.

Үшіншіден, алынған өнім дайын болғаннан кейін оны ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде қолдануға болады. Биотопырақ немесе компост өсімдіктердің өсуіне қажетті қоректік заттарға бай болады, бұл ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға көмектеседі. Кейбір жағдайларда биогаз өндірісінде де қолдануға жарайды.

Экологиялық тұрғыдан алғанда, биологиялық әдістер қалдықтарды қайта өңдеудің ең тиімді жолы болып саналады. Қыша мен бор қосу арқылы алынған компост топыраққа минералдық тыңайтқыштарды аз қолдануға мүмкіндік

береді, бұл экожүйеге аз стресс әкеледі. Сонымен қатар, қалдықтарды өңдеу кезінде энергия шығыны төмендейді, қоршаған ортаға зиянды газдардың бөлінуі азаяды.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда да бұл әдіс тиімді. Қалдықтарды биологиялық жолмен өңдеу қосымша шығынсыз сапалы органикалық тыңайтқыш алуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы мен коммуналдық қызметтер үшін бұл технология ресурсты үнемдеудің тиімді құралы болып табылады.

Қорытындылай келе, тұрмыстық қалдықтарды биологиялық тәсілдер арқылы өңдеу – экологиялық таза, экономикалық тиімді және болашаққа бағытталған шешім. Қыша мен бор қосу процессі тиімділігін арттырып, компост сапасын жақсартады және алынған өнімді ауыл шаруашылығында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Әрбір тұрғын өз қалдықтарын дұрыс сұрыптап, биологиялық өңдеуге үлес қосса, қоршаған орта таза, табиғи ресурстар үнемді болады.

Биологиялық әдістер мен қыша-бор қосындысы – тек технологиялық шешім емес, бұл біздің болашағымызға жасалған жауапты қадам. Қалдықтарды дұрыс басқару арқылы біз экологияны сақтап, табиғатқа деген қамқорлығымызды көрсетеміз.

**А.УКАНОВА,
Н.Островский атындағы
гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейінің 10А сынып оқушысы.**

**Жетекшісі: А.ОРАЗБАЕВА,
биология пәні мұғалімі.**



Раушан БУРКИТБАЕВА-НУКЕНОВА

«Золотая косточка луны»
Растворилась в черносливе
ночи...
В памяти всплывает былью сочно
Детства сад. Аллеи там темны.

Звёзды-пересмешницы хохочут,
От земных забот удалены.
Мимолётна жизнь и так непрочна.
Тяжелы снега. Воздушны сны.

Тени прорастают между строчек.
Крылья, как мосты, разведены.
Ты летишь в колодец дикой ночи
Пёрышком звенящей тишины.

30.10.2019
Карловы Вары, Чехия.

Осенний лиственный пирог
Наполнен музыкой разлуки,
Выносит ветер на порог,
Дождя заботливые руки.

«Жизнь преходяща, вечно слово...»

Октябрьский день сквозной
продрог,
В сеть паутинок солнце ловит.
Оно - лучами в ливнях строк.
Жизнь преходяща, вечно слово.

Деревья - дервиши времён
Меж небом и твердыней встали
А листья оттиск тех знамён,
Стволы порой их крепче стали.

Степь, необъятная, как небо,
Под взглядом солнца расцвела;
О сколько пота в ломте хлеба,
Слёз, крови в битвах пролила...

И сотрясались горы в гнев,
Ветра разлук в отарах туч,
Где клич звучал призывный,
древний,
Летел, как сель с небесных круч.

Сметая всё с путей свободы,
Срывал оковы сын Алаш.
Вожди, дожди, мор, голод, годы...
Звёзд негасимых черных плащ.

И вот звучит победным маршем
Гимн независимых вершин.
Потомки шествуют пусть дальше.
Разгладит ветер сеть морщин.

Степь колосится урожаем,
Пшеницей, рожью на полях.
Пусть ей никто не угрожает.
Цвети, родимая земля!

Бег времени...
Как нисхождение дней и снега,
Избыть любви тоску не удалось
ему,
Насытить радостью приюта
и ночлега
Немереную сушь, летящую
во тьму.

Мгновенье жизни
Каплями дождя измерить.
Как в сёрфинге,
Летишь на гребне чувств и волн.
В свое бессмертье,
Заездный час побед поверить,
Пока тебя не поглотит
Смертельный шторм.

Душа - звезды горящей импульс,
Доня мераные в тишине
Сигналы шлет упрямым пульсом
Воздушной гавани во сне.

Профессору
Беате Пастве-Войцеховской

Жизнь тянется ниткой суровой,
Сшивая событий блокнот.
Вдруг выкроит ёмкое слово,
Объявит тотальный цейтнот!
Где в бешеной скачке давлений -
Петель, распутивших клубок,
Предамся целительной лени
Шопена - струей в кровотоки!
Нанижут вновь памяти спицы
Гармонии чёткий урок.
Наполнят ноктюрном страницы,
Пусть даже диагноз жесток...
В глазу у Всевышнего в небе

Застряну соринкой-зрачком.
И как бы тернист путь мой ни был -
До боли исход мне знаком.

Галерея «Умай»

Опалых листьев призрачный
костёр...
Замёрзла я, меня он не согреет.
И льнёт к ногам затоптанный
ковёр,
Брожу одна в притихшей галерее.

Садится пыль на древние
предметы.
И грусть моя, как пелена дождя:
Не вдохновляют старые сюжеты
И взгляды лучезарного вождя.

Луна, как хищница,
Желтеет мутным взглядом.
Тень страха падает
Прозрачным пеньюаром.

Неслышно подкралась
Ночь, дышит жарко рядом
В тумане степь плывёт
Любовного угара.

Земля и небо
Растворяются друг в друге,
До долгих судорог,
До родовых рассветов.

Устав от схваток, муки,
Мир рождает звуки,
Жизнь - мелодией любви,
Тобой воспетая!

Я хочу быть собой

Искандер ЗАКАРИЯ,
родился в Алматинской об-
ласти. С 2012 года живёт в Ал-
маты. Выпускник курса прозы
Открытой литературной школы
Алматы. Посещал курс поэзии
Тиграна Туниянца в ОЛША и
проводил с ним кинопоказы.
Публиковался в юбилейном
сборнике произведений сту-
дентов ОЛША.

МАЛЕНЬКИЙ ПУТЕШЕСТВЕННИК

В детстве отец запомнился мне
своими частыми командировками. Я
помню, как он прощался с мамой, со
мной, а затем выходил из дома с че-
моданом в руке. Отец из тех людей,
что смотрят на всё через какую-либо
призму, как актёры, которые не мо-
гут выйти из образа. Отец - научный
сотрудник, и ко всему подходит по-
научному, с точностью. Когда мы под-
ключили спутниковое телевидение,
он составил список всех каналов.
Список был пронумерован по поряд-
ку, как и в телевизоре.

Он помнится мне смуглым и вы-
соким, с лёгкой улыбкой. Я очень его
любил. Хотел быть похожим на него
и ездить с чемоданом по всему миру.
Естественно, такой возможности у
меня не было. Поэтому я путеше-



ествовал из одной комнаты в другую.
Я заявлял маме, что еду в Аме-
рику, прощался и с чемоданом в руке
удалялся в зал. Я очень хотел быть
похожим на отца...

Сейчас папе больше пятидеся-
ти. Он всё ещё смотрит на всё по-
научному. Иногда это мешает. Я лю-
блю отца, но не хочу быть похожим на
него. Я хочу быть собой.

ГОРЕЧЬ ПОБЕДЫ

Я самый младший в семье. У меня
есть сестра и брат. Мама говорит,
что меня вырастила сестра. Моим
первым словом было «Няня», что
означало - Карина. Сейчас совсем не

вижу схожести в этих словах. Карина
всегда заботилась обо мне, я и сей-
час чувствую её заботу. Иногда я хочу
найти воспоминание, в котором будет
братская любовь от меня. Но не вы-
ходит... Мне вспоминается игрушеч-
ная белка. Небольшая, из грубого
материала, цвета дешёвого вина -
что-то похожее на кровавый отёк. Не
знаю, откуда Карина достала её. Мы
играли, и она показала эту белку. Всё
в чьих-то руках желанно. Мне захоте-
лось её себе. Просил отдать - Карина
не хотела. Я насутился и обидчивым
тоном всё же выпросил белку. Чётко
помню - когда игрушка была у меня, я
не почувствовал счастья. Напротив, я
увидел расстроившуюся сестру и мне
стало грустно... Прошло столько лет,
но я всё ещё попадаю в эту ловуш-
ку. Будто то, что делает кого-то счаст-
ливым, сделает и меня таким.

НАЧАЛО

Пару лет назад, в литературной
школе, нас спросили: зачем вы пише-
те? Тогда я ответил: чтобы нравиться
девушкам. В общении с девушками
писательство не особо помогло, но
писать не бросил. Первый рассказ
на полторы страницы я писал полто-
ра года. Страница в год. Сюжет мне
пришёл спонтанно. Будто всё произо-
шедшее приснилось герою. Один из
счастливейших моментов в жизни. Я
чувствовал себя гением. Только пере-

нести всё это из головы на страницу
оказалось сложно, словно танцуешь
вальс с кандалами на ногах. Тогда
мне больше нравился образ писа-
теля, а не само писательство. Мне
нравилось сидеть за белым листом,
курить, размышлять о писательстве.
Это не помогало делу, писал мало и
плохо.

Как-то вечером я вернулся к пер-
вому рассказу, ещё не законченному.
И начал писать. Строка за строкой.
Сразу же редактировал каждую стро-
ку. Думал, писательство - это чертов-
ски сложно. Я боялся быть искрен-
ным на бумаге и хотел, чтобы каждая
строка была идеальной. В тот вечер
я закончил рассказ. Незабываемое
чувство... После начал читать кни-
ги о ремесле. Узнал, что нет ничего
плохого в изъянах. Что можно отпу-
стить себя и быть предельно искрен-
ным на страницах. Тогда я полюбил
писательство. Даже несмотря на то,
что быть искренним на страницах всё
ещё сложно.





Смағұл ЕЛУБАЙ

Тілге достың мұңы жоқ, тілден басқа



1920-30 жылдары ашаршылықпен қазақтың тұқымын тұздай құртпақ болған қызылдар, содан кейін: «Біз совет боламыз, бір тілді ел боламыз!» деп, тілімізге де қауіп төндіргені белгілі. Осы ұранға қазақ коммунистері имандай сенді. Мысалы, Қазақстан басшысы Қонаев өз орнынан түскеннен кейін Қазақстанды басқаруға келген Колбинге: «Мен Қазақстанды басқарып тұрған жылдары қазақ тілін қорғай алмадым. Саясат солай болды. Енді қазаққа ұнағың келсе қазақ тілін қорғаңыз, қолдаңыз!» деп, ақыл айтқаны белгілі. Бұдан біз нені көреміз? Бұдан біз басқасы басқа, қазақтың Қонаевтай көсемінің өзі Қазақстанда қазақ тілін қорғай алмағанын көреміз. Бұның салдары қазақ тілі үшін сұрапыл болғанын білеміз. Сұрапыл болғаны сонша басқасы басқа, қазақтың өзі қазақ тілінен жери бастағаны белгілі. Қазақ баласын орыс мектебіне тасыды. Бұл нені көрсетті? Бұл халықтың өз тілі болашағынан күдер үзе бастағанын көрсетті. Өйткені қызыл саясат: «тарихың тарих емес, ханың хан емес, батырың батыр емес» деп, үйретті. Отаршылдардың осы тәрбиесін көрген тұлғаларымыз советтік идеология сойылын соқты. Сол жылдары әйгілі академигіміз: «Орыс тілі ракета болғанда, қазақ тілі велосипед қой!» деп тұр бір күні, эфирде. Әйгілі орыстілді ақынымыз: «Казахский язык, это язык отгонного животноводства!» деп, онсызда еңсесі түскен тілімізді одан бетер күлге аунатты. Сөйтіп, балық басынан шіріді. Қазақстанды зерттеген жапон түріктанушысы Накото ОКО қазақтар туралы былай деп жазды:

«Сіздер адасқан, жолынан жаңылып қалған халықсыздар. Өйтпесе, есі дұрыс адам ана тілінен гөрі орысша білген дұрыс дей ме?»

Жапон ғалымы тіл майданындағы біздің тірлігімізден түңілсе керек. Және соны ашық айтыпты. Қазақ намысын оятқысы келсе керек. Бірақ, совет заманында ата жолынан адаспаған да қазақтар болғанын білеміз. Бұл жойқын империялық апатқа ат төбеліндей жазушылар қалам ұстап қарсы шыққанын білеміз. Алаштың ақиқат тарихын жаза бастағанын білеміз. Себеп - империялық індет, қанша шүйліксе де, қазақтың өршіл рухын бұратала өшіре алмаған еді. «Жыртық үйдің де Құдайы бар». Сол Құдай қызылдардың тас төбесінен ұрды. Отаршыл Одақ омақасты. Азаттың туы көтерілді. Бірақ, 70 жылдық төмпештен төлтіректен шыққан тіліміз табан астында қаз-қаз тұрып кете алмады. Өйткені ол орыстану індетіне оңбай шалдыққан еді. Осы күйдегі сырқатты тілімізді қашан сауықтыра аламыз? Мұқым қазақ өз тілінде қашан түгел сөйлей алады? Осыған орай ортаға салар ойларымыз мыналар:

Мемлекеттік бала бақшаларды түгел мемлекеттік тілге көшіру керек.

Бала бақшада тілі қазақша шыққан балалар сонда ұлтына қарамастан қазақ мектебіне баруға дайын болады.

Қазақстанда мектептер «қазақ мектебі», «орыс мектебі» болып бөлінбеуі керек. Бір ғана мемлекеттік мектептер болып қайта құрылуы керек. Ол мемлекеттік мектептерде пәндер қазақ және орыс тілдерінде жүріп, оны бітірген балалар қазақ және орыс тілдерінде сөйлеп шығуы керек. Әрине, бұл мектептерде басымдылық мемлекеттік тілге берілуі ке-

рек.

Сонда Қазақстанның еңбек нарығында тілдік негізде ешбір отандасымыз қағажу кедергі көрмейтін болады. Өйткені, олар мемлекеттік мектептерде Қазақстандағы екі жетекші тілді толық меңгеріп шығады.

Қазақ тілін мемлекеттік мектепте толық меңгеріп шыққан балалар ұлтына қарамастан қазақ мәдениеті мен тарихынан мол хабардар болып шығады. Ұлы Дала тілін, мәдениетін, тарихын толық меңгеріп шығады. Қазақстанды шынайы сүйеді. Осылар болашақтың Бельгерлері болады. Қазақ мектебін бітірген Бельгер Ұлы Даланың ұлттық құндылықтарын шынайы сүйетін. Оны біз көзбен көрдік. Бельгер былай деп жазған еді:

«Күнделікті тұрмыста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек кезір 10 миллион қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немісте де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ»

Осындай бай тілдің басынан бағын тайдыруға отаршыл саясат барын салды. Салдарынан, қалаларда мемлекеттік тілді менсінбейтіндерден аяқ алып жүре алмайтын болдық. Тіптен, қазақ мектебіне барған балалардың өздері өзара үзілісте орысша сөйлесіп тұратын болды. Осыны көргенде жаның қалай шырқырамасын? Бүгінгі қалаларда қай қазақтың дастарханына барсаң дағы үлкендерден төмендеу отырған жастардың орысшалап отырғанын көресің. Бұл жастар ертеңгі ел болашағы емес пе?! Тәуелсіздік төлдері емес пе? Олар талапты да талантты жастар. Бірақ, ана тіліне шорқақ жастар. Сонда, сіз, ертеңгі дамыған Қазақстанда дамыған қазақ тілі болады деп ойлайсыз ба? Біз олай ойламаймыз. Оның себебі - бүгінгі шорқақ тілді жастар. Тіл тағдырына, ел тағдырына ертең ие болатындар солар. Бельгер байқаған бай тілдің, сөздік қоры 10 миллионнан асатын тілдің бүгінгі күйі осындай, ағайын! Бельгер байқаған бай тілді біз сұйылта, сұйылта осындай күйкі күйге жеткіздік.

Беу, ел ағалары! Сонда, біз соңымызға қандай тіл қалдырамыз? Бізден қалған жадау да жайдақ тілді болашақ ұрпақ байыта ала ма? Күмәніміз бар. Ауруын жасырған өледі. Ендеше бізге, аға ұрпаққа ауыр да болса айту парыз. Аурудың атын атау парыз. Ауыр шындықты жеңілдету жолын іздеу парыз. Сондықтан да, тіл майданында бір пәрменді қимылдар жасайтын мезгіл жетті.

Ең алдымен мемлекеттік тілді

мемлекеттік қызметкерлерге міндеттеу керек.

Ағымдағы Тілдер туралы заңның орнына жаңа Қазақстанға сай жаңа «Мемлекеттік тіл туралы» заң қабылдау керек.

Тіл мәселесін реттейтін жаңа заң неге керек? Өйткені, ағымдағы 1989 жылы қабылданған «Тілдер туралы заң» тіл майданында туындаған келеңсіздіктерді реттеуге қауқарсыз болып шықты. Яғни, ескі заң жаңа заман дүрмегіне ілесе алмай артта қалды, уақыт көшінен.

Оны біз қалай байқадық? Ағымдағы Заңның әлсіздігінен бүгінде қалалардағы жарнамалар негізінде орыс тілінде жазылып, оны қазақшаланған дүмбілез аудармалары қаптап тұр. Егер, ағымдағы Заң мықты болса жарнамалар алдымен мемлекеттік тілде жазылып, содан кейін ғана орысшаға аударылар еді. Қазақтілі сонда өз елінде аударма тіл болудан арылар еді. Олай болмады. Нәтижесінде, орысшадан қазақшаға аударылған калкаларды ғана көреміз. Сенбесеңіз көшеге шығып қараңыз. Қай жаққа қарасаңыз да діңкенді құртатын дүмбілез аудармаларды көресіз. Кейде оларды түсінбей қалып, астындағы орысшасын оқып барып түсінесіз. Осындай келеңсіздіктерге жол беріп қойған ағымдағы заңды осыдан кейін қалай заң деп атауға болады?

Бұл да да болса 70 жылға созылған сол советтік идеология үстемдігінің салдары. Яғни, Қазақстанда қазақ тілі аударма тіл болды, және, сол қалпында қалды. Тіптен, парламентте қабылданатын заңдар дағы алдымен орыс тілінде жазылып, содан кейін ғана қазақ тіліне аударылады. Бұл келеңсіздіктен қалай құтыламыз? Құдайға шүкір, парламент пен үкімет бүгінде қазақша сөйлей бастады. Телевидениедегі қазақша контенттер 60 пайызға көтерілмек. Бірақ, жұмыс майданында істелген жұмыстың бір тоғызы ғана, ал, істелмеген жұмыс тоқсан тоғыз дер едік.

Осылайша, Қазақстан орыс тілі ықпалынан арыла алмай жатқанда, қазақ тілімен тайталасып тағы бір тіл шықты. Ол - мүйізі қарағайдай ағылшын тілі. Әлемдік ағылшын бүгінде тіл кеңістігімізге баса-көктеп кіріп келіп, мемлекеттік тілімізді мүйіздей бастады. Қазақстан қалаларында, тіпті, жарнама тұрмақ, ағылшын тілін арқалаған шағын аудандар төбе көрсете бастады. «Анау city», «мынау city» тәрізді. Жергілікті әкімдіктер ана

тіліміздегі «қала» «шахар», «кент» деген сөздерді ұмытып қалса керек.

Ағылшындану дертіне, басқаны былай қойғанда, ана тіліміздің шырақшысындай тілшілеріміздің өздері шалдықты. Бұл індет салқыны, әсіресе телеэкраннан көрінеді. Телеэкрандарда қазақша сөйлемдерге ағылшыншадан алынған show, live, like, weekend, all, hit tv, time vine, life, style, cover тәрізді сөздер қаптап жүр. Қазақша сөйлемдерге осыларды тықпалау әдетке айналды. Өстіп тіл шұбарлау осы хабарларды таратып отырған тілшілерге не үшін керек болды екен дейміз? Не үшін? Өз тілімізді өз қолымызбен шұбарлай беруге біз, неге сонша әуес болдық? Түсінсек бұйырмасын.

Біз түгел телевидениені мінеп отырған жоқпыз. Телевидение — қоғам айнасы. Сол айна мінсіз болса екен деп отырмыз.

Осыдан келіп бізді ағылшын, орыс тілдеріне қарсы екен деп қалмаңыз. Бұл тілдерді де біз ана тілімізбен қоса ес білгелі үйренумен келеміз. Одан біз ұтылған жоқпыз. Жастарымызға: «Өзге тілді білгенше үйрен, өз тіліңді өлгенше үйрен!» дейміз.

Тәрбие басы тіл балам,
Осыны мықтап біл балам!
Ана тілінен айырылған,
Бұны ұқпайды кіл надан.

«Қазақ тілін жете білмейміз. Жете білсек әулиелік қазақ тілінде тұр».

Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЕВ.

«Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де тілінде».

Президент Қ.Ж. ТОҚАЕВ.

Қазақ тілін 3 жыл бойы үйренген американдық турист қыз Қазақстанға келгенде тіл майданында көрген сорақылықтарын әлеуметтік желіде былай жазыпты:

«Осы аптада мен Алматыда болдым. Барған жерімнің бәрінде тек қазақша сөйлеймін. Мен барған 18 мейрамхананың тек біреуі ғана маған қазақша жауап берді. Қазақстанда қазақша сөйлесе алмай қор болдым. Сонда мен не үшін қазақша үйрендім? Мен мейрамханадан шыға сала жыладым» дейді американдық қыз бала. Шамасы бұл шетелдік қыз бала Димаштың әніне ғашық болып қазақ тілін үйренуге көшкен көптеген шетелдіктердің бірі болуы керек.

«ЖОҢҒАР АЛАТАУЫ МҰТП» РММ ТУРИСТІК БАҒЫТТАРЫ

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы №370 қаулысы бойынша 2010 жылы 30 сәуірінде құрылған. Жоңғар Алатауы МҰТП әкімшілік тұрғыдан алғанда Алматы облысының Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарын қамтиды, жалпы жер көлемі 356022 га оның ішінде қаумалдардың ауданы 283900 га. Парк құрамында 3 филиал – Сарқан, Лепсі, Алакөл филиалдары мен Лепсі, Тоқты мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдары орналасқан. Парк Жетісу Алатауының солтүстік жотасының батысынан шығысына дейін 300 км созылып жатыр. Теңіз деңгейінен 4622 м биіктікте Семенов-Тянь-Шанский шыңы орналасқан. Парк аумағының 1,05 пайызын Сиверс алмасының жабайы жемісті орманы алып жатыр.

Ұлттық парктің негізгі бағыттарының бірі – экологиялық туризмді дамыту. Қазіргі уақытта парк аумағында 13 туристік маршрут, 2 экологиялық соқпақтардың паспорттары әзірленген және жұмыс істейді. Жалпы туристік маршруттардың ұзындығы – 1833,03 км, соның ішінде жаяу-атты жүріп өтілетін бөлігі – 412,81 км автокөлік жолы – 1420,22 км қашықтықты құрайды.

№1 Туристік маршрут «Этнографиялық тур» (Жоңғар Алатаудың тарихи жерлерімен);

№2 Туристік маршрут «Төменгі Жасылкөл»;

№3 Туристік маршрут «Ғылыми-танымдылық туры» (Нақты жабайы тұқымды кешенді Сиверс алма ағашының өсетін жерлерімен);

№4 Туристік маршрут «Шумский мұздығы»;

№5 Туристік маршрут «Жоғарғы Жасылкөл»;

№6 Туристік маршрут «Сарқан орман тұқымбағы»;

№7 Туристік маршрут «Лепсі орман тұқымбағы»;

№8 Туристік маршрут «Карбушка және оның әсемдігі»;

№9 Туристік маршрут «Черная речка» шатқалы;

№10 Экологиялық соқпақ «Щеки»(Лепсі және Ағынықатты өзендерінің біріккен сағасы);

№11 Экологиялық соқпақ «Көкжар»;

№12 Туристік маршрут «Аттапқан» шатқалы;

№13 Туристік маршрут «Жамантас» шатқалы;

№14 Туристік маршрут «Көкжота» шатқалы;

№15 Туристік маршрут «Ақкөл» көлі.

№1 туристік маршрут «Этнографиялық тур» (Жоңғар - Алатауының тарихи - мәдени жерлеріне саяхат)»

Маршрут жол бойынан 700 м қашықтықта орналасқан «Желісай» тау жотасы арқылы өтеді. Маршрутта Лепсі өзені жағалауындағы археологиялық қазбалар, «Үйгентас» моласы, Лепсі ауылының тарихи орындары, қасиетті «Әулиетас» тарихи ескерткіштері мен «Марқатау» тауынан петроглифтерді көруге болады. «Кіші Басқан» өзенінің аса биік гранитті табалдырығымен ағып жатқан сарқырама байқауын тамашалап, дәл жартастың үстінен өскен айбынды шыршалар көрінеді.

Өзенде балықтардың әр түрі, соның ішінде қабыршақсыз көкбас, жануар әлемінен Тянь - Шань қоңыр аюы, сібір елігі, тас сусары, маралдар, көк құстар және т.б. мекендейді. «Өтпейсай» және «Жамансай» шатқалдарының айбынды, биік таулары мен мұздықтардың, көрінісі тамашаланады.

Маршрут бойынша қарап - көру нысандары - Лепсі ауылына дейін әсем шыршалы - самырсын орман белдеуі және Жоңғар Алатауының «Кіші Басқан», «Үлкен Басқан» өзен алқаптары мен мұздықтардың көркем табиғат көріністері болып табылады.

№2 туристік маршрут «Төменгі Жасылкөл»

Жоңғар Алатауының інжу - маржаны ретінде теңіз деңгейінен 1630 метр биіктікте, Лепсинск елді мекенінің жанында орналасқан көркем Жасылкөл көлін санауға болады, көлемі өте үлкен, ауданы шамамен 100 ш.м, тереңдігі 90 метр. Көл, жер сілкінісі нәтижесінде пайда болды, тас көшкіні Ағынықатты өзенінің арнасын табиғи бөгетпен жауып тастады. Көктемгі - жазғы кезеңде көлдің суы лайлы, өйткені көлді қоректендіретін бұлақтар Жоңғар Алатауы мұздықтарынан бастау алады. Мұздықтардың еруі тоқтағаннан кейін су мөлдір көкке айналды. Айта кетерлік жайт, Жасылкөл көлінің ауданы - маралдардың үлкен популяциясының мекендейтін орны. Маршрут субальпілік шалғындар арқылы өтеді, мұндағы саяхат - бұл тың табиғаттың құшағына барып, сиқырлы көріністерді тамашалауға тамаша мүмкіндік.

№3 туристік маршрут «Ғылыми - танымдылық тур»

Осы маршруттың көлік бөлігі Сарқан қ. - Тополевка а. автожолымен өтеді. Жол бойында Теректі өзеніндегі тас плиталарға ҚКА - 1 Бақылау алаңына кіру. Трасса Тополевка ауылында аяқталады, одан әрі қара - ауылдық жолмен «Осиновая» кордонына дейін көтеріледі. «Осиновая» орманшы үйінен

маршруттың генетикалық резерваттарға дейінгі жаяу жүргіншілер бөлігі басталады. Мұнда экскурсанттар шырша мен Сарбаз шатқалдарындағы Сиверс алма ағашының жабайы жеміс екпелерінің табиғи, салыстырмалы түрде таза өсу орындарын зерттейді, гид - экскурсовод Сиверс алма ағашының даму тарихымен таныстырады. Тексеруден кейін туристер тобы кордонға оралады, онда олар демалып, өз әсерлері мен бақылауларымен бөліседі.

№4 туристік маршрут «Шумский мұздығы»

Бүкіл туристік маршрут бойынша көру нысаны Кіші басқан шатқалы болып табылады. Туристік маршруттың басынан бастап киіз үй - шатыр лагеріне дейін қылқан жапырақты орман белдеулерінің көркем пейзаждарын көруге болады. Киіз үй - шатыр лагерінен жоғарғы лагеріне дейін өзен шатқалы, мореналық көлдер, альпі шалғындары көрінеді. Сонымен қатар, туристер биіктікте керемет каскадтарынан тұратын сарқырамаы көре алады. Жоғарғы лагерьден жолдың жоғарғы нүктесіне дейін мұздықтардың, оның астындағы аңғардың және Кіші Басқан өзенінің жайылмасының керемет панорамасы көрінеді.

№5 туристік маршрут «Жоғарғы Жасылкөл көлі»

Жоғарғы Жасылкөл көлі Ағынықатты өзенінің төменгі ағысында экскурсанттарды жүргізеді.

№6 туристік маршрут «Сарқан орман тұқымбағы»

«Орман тұқымбағы» бағыты экологиялық және ағартушылық маңызға ие. Орман тұқымбақ бағыты мен оның күзет аймағының шекарасымен өтеді. Сарқан филиалының тұқымбағы 1970 жылы құрылды.

Нысан мақсаты: Елді мекендерді көгалдандыру және орманды молықтыру үшін стандартты материалын отырғызып өсіру. Тұқымбақтың ауданы - 25 га. Экскурсовод орман тұқымбағының шекаралары туралы климатты, рельефті қысқаша сипаттайды, орман тұқымбағының міндеттері туралы әңгімелейді (елді мекендерді көгалдандыру және орманды молықтыру мақсатында ағаш - бұта түрлерін өсіру). Жол бойымен жүріп келе жатқанда, экскурсанттар орман тұқымбағының ерекшеліктерімен танысады.

№7 туристік маршрут «Лепсі орман тұқымбағы»

«Орман тұқымбағы» бағыты экологиялық және ағартушылық маңызға ие. Орман тұқымбақ бағыты мен оның күзет аймағының шекарасымен өтеді. Лепсі филиалының тұқымбағы 1970 жылы құрылды.

Нысан мақсаты: Елді мекендерді көгалдандыру және орманды молықтыру үшін стандартты материалын отырғызып өсіру. Тұқымбақтың ауданы - 25 га. Экскурсовод орман тұқымбағының шекаралары туралы климатты, рельефті қысқаша сипаттайды, орман тұқымбағының міндеттері туралы әңгімелейді (елді мекендерді көгалдандыру және орманды молықтыру мақсатында ағаш - бұта түрлерін өсіру). Жол бойымен жүріп келе жатқанда, экскурсанттар орман тұқымбағының ерекшеліктерімен танысады.

№8 туристік маршрут «Карбушка және оның әсемдігі»

Карбушка бағыты бойынша Лепсинск ауылының шетінде орналасқан сақ кезеңінің қорғанымен танысу жүріп жатыр. Қорғанды қазу 2011 жылы жүргізілді. Лепсі өзенінің бойында жасанды қарағай екпелері өсіріледі. Кордонға жеткеннен кейін Жоңғар - Алатауының тауы әдемі панорамасымен аймақты тексеру үшін №1 байқау алаңына барады.

№9 туристік маршрут «Черная речка»

2 шақырымға жуық жолды өрмелеуді еңсеріп отырып, туристер №1 бақылау алаңына жетеді. Экологиялық соқпақ Сиверс реликті алма ағаштары, қара өрік және көктерек екпелерімен өтеді. Аймақты зерттеп, айналадағы ландшафтты тамашалаудан кейін шолу алаңынан туристер №2 бақылау алаңына көтерілуді бастайды. №2 бақылау алаңында туристерге айналадағы табиғаттың көріністері, Лепсі ауылына, Лепсі өзенінің шатқалына, Жылысай шатқалына панорамалық көріністері ашылады. Туристік маршруттың екінші бөлігі көркем өзеннің арнасымен өтеді. Мұнда көктерек өскен жағалаулар жартастармен қиылысады. Соңғы 3 шақырым жолмен жүріп, туристер бастапқы нүктеге - «Черная речка» орманшы үйіне жетеді. Демалыстан кейін туристер Лепсі ауылына қайтады.

№10 экологиялық соқпақ «Щеки шатқалы»

Маршрут бір күндік, қысқа, бірақ өте әдемі және бай. Ол Лепсі өзеннің жағалауында шөпті шалғындарда, бұлақтардан өтеді. Өзеннің ылғалымен, балдың иісімен, гүлдердің хош иісімен, шегірткелердің шырылдауымен және түрлі құстардың әнімен қаныққан ауа - жанға тыныштық беріп, оны жақсартып, табиғаттың ұйлығымен таң қалдырады, тәні мен жаны емдейді, тыныштық әкеледі. Мұнда «Щекиде» экстремалды туризм әуесқойлары су қорытпасымен айналыса алады. Марш-

рут тарихқа бай. Ағайынды Пугасовтардың бұрынғы су диірмендері, спирт өндіретін және кірпіш зауыттары туралы көп нәрсе білуге болады. Бұл туралы естігеннен және оқығаннан гөрі, өз көзіңізбен көріп, табиғаттың барлық сұлулығы мен үйлесімділігін сезінген жақсы.

Содан кейін топ демалуға, түскі асқа орналасады. Өзендердің түйіскен жерінде сіз Шеки өзенінің түйіскен жерін көре аласыз - олардың сұлулығымен таң қалдыратын жартаз каньондарын.

№11 экологиялық соқпақ «Көкжар шатқалы»

Тентек өзені Жоңғар Алатауының солтүстігінен шығысқа қарай ағады, ол 4000 м биіктікте орналасқан тау мұздықтарынан бастау алады. Әрі қарай қара жолмен келе жатқан туристер тобы №1 Шұбарағаш шатқалына жетеді. Туристік бағыт бойынша экскурсанттар тобына ерекше таулардың мен ормандардың панорамасы ашылады. Экскурсанттар естелікке суретке түседі. Гид туристерді жабайы бұғы, тау ешкі, елік сияқты жануарлардың, сондай-ақ құстар мен өсімдіктердің мекендейтін жерлерімен таныстырады. Әрі қарай орман алқабында экскурсия жүргізушісі туристерді Сиверс алма ағашының жабайы жеміс алқаптарымен, сондай-ақ көптеген дәрілік және жойылып бара жатқан өсімдіктермен таныстырады. Марал шатқалы арқылы өтетін соқпақпен өрмелеп, туристер демалып, Тентек өзеніндегі демалыс орнына жетеді. Туристер Қазақстанның Қызыл кітабына енген қара ләйлектің ұясын алыстан тамашалай алады. Қызықты саяхаттан кейін экологиялық соқпақ Көкжар ауылына жетеді, сол жерден экскурсанттар үйлеріне қайтады.

№12 туристік маршрут «Аттапқан шатқалы»

Маршрут бойынша тексеру объектілері — панорамалық көрініс, Тентек өзені және Көкжар шатқалы болып табылады. Шұбарағаш шатқалы өсімдікке бай. Тентек өзенінің оң жақ жағалауында Үйгентас қорымы орналасқан. Аңыз бойынша бір қорған тірі, ал екіншісі өлтірілген адамдармен салынған. Жорықтың басында әр жауынгер тас лақтырып, бір үлкен қорған пайда болды. Жорықтан оралғанда тірі қалған тастарын бірнеше метрге ауыстырып, содан кейін тағы бір қорған пайда болды. Сондықтан олар бір ғасырдан астам уақыт бойы тұрды.

Кепелі өзенінің шатқалында әдемі панорамалық көрінісі. Тентек өзенінің көркем панорамалық көрінісі 2 асудың биіктігінен көрінеді. Аттапқан шатқалында Садыркөл көлі орналасқан. Ежелгі кезде бұл көлдің аумағында Орта жүз— Садыр қазақтары мекендеген.

Аңыз бойынша, шайтан (шайтан) Жер бетінде жүрді. Бір кезде көлдің жағасында, жартастың үстінде сақалсыз адам Алдар-Кесе жатыр («сақалсыз алдамшы» қазақ эпосының кейіпкері). Өлген адам деп ойласа, бірақ оның қорылдауынан жағалаудағы бұталар бүгіліп тұрғандай. «Ал, тірі болсаң, енді өлі боласың» — мысқылдап шайтан күлді. Ол ұйықтап жатқан адамның аяғымен жасырынып, оны жартастан итеріп жіберді. Бірақ содан кейін Алдар-Кесе оның мойнын екі қолымен ептілікпен орап, олар бірге суға ұшып құлады.

Суда ұзақ уақыт болды. Содан шайтан түсінді: ондай іс оның қолынан шықпайды, адамға көнуге тура келді. Ол сақалсыз адамды жағаға шығарды. Содан бері барлық шайтандар бұл көлді айналып өтетін болды.

№13 туристік маршрут «Жамантас шатқалы»

Жамантас таулары: ерекше жартаз үйінділері таң қалдырады, трактаттың пейзаждарын еске түсіреді. Бұл таулардың сұлулығын, тар жолдарды, таңғажайып пейзаждарды, жабайы табиғатты тыныштандыруды және құстардың сиқырлы әнін ұнататындарға арналған орын.

№14 туристік маршрут «Көкжота» шатқалы

Маршрут бойындағы тамашалау (шолу) алаңдарындағы қарап-көру объектілерінің қысқаша сипаттамасы:

1. «Әулиетас» киелі жері. Екіаша ауылының маңында Сарқан ауданының Екіаша ауылын қоршап тұрған таулы жерлерде жасырылған қасиетті тас болып табылатын «Әулиетас» жергілікті киелі жері орналасқан. Тас орналасқан жер өте таңғажайып, айналасында әр түрлі өсімдіктер өседі.

2.Сиверс алма ағашының жабайы жеміс орманы. Жол бойында Сиверс алма ағашы мен Теректі өзенінің аңғарына табиғат көрінісі ашылады. Парктің жалпы аумағының 1,05% – әлемдегі барлық алма сорттарының атасы болып табылатын және жаһандық маңызы бар жеміс ормандарының бірегей агробиоалуантүрлілігін сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін арнайы қорғауды қажет ететін Сиверс алма ағашының жабайы жемісті екпелері алып жатыр.

3. «Көкжота» орманшы үйі. Жаяу жүргіншілер бөлігі «Көкжота» орманшы үйінен басталады, ол қылқан жапырақты орман арқылы өтетін жолмен жүреді, маршрутпен жүру кезінде туристер жартастарда өсетін ғасырлық

шыршаларды тамашалай алады.

4. Субальпілік және альпілік шалғындар. Жол бойында туристер субальпілік және альпілік шалғындармен танысады. Субальпілік және альпілік шалғындар шөптер мен гүлдерге толы. Гүлдену кезінде шалғындар жарқын шығыс кілеміне ұқсап, жасыл жоталар мен көгілдір аясында бұл түрлі-түсті кілем түстердің алуантүрлілігі және жарықтығымен таң қалдырады.

5. Кіші Жаланаш өзенінің аңғары. Қылқан жапырақты орман арқылы маршрут субальпілік шалғындар арқылы өтетін кіші Жаланаш өзенінің аңғарына апарады. Маршруттың жолында сібір елігі, марал, аю, суыр сияқты жануарларды көруге болады. Құстардан: қарақұйрық, қырық, қарға, дубонос, титмуз, альпілік джеқдау, бүркіт, жануарлар мен құстардан басқа, туристерге өсімдіктер әлемін тамашалауға мүмкіндік беріледі.

6. Ағынықатты өзенінің аңғары. Ағынықатты өзені аңғарының төменгі ағысында Жетісу Алатауы бөктерінің әсем көрінісі ашылады. Дауылды ағысына байланысты атауға ие Ағынықатты өзені Төменгі Жасылкөл көлінен ағады және Лепсі өзенінің ең ірі саласы.

7.«Төменгі Жасылкөл» көлі. Жасылкөл көлі – Жоңғар-Алатауының інжу маржаны, теңіз деңгейінен 1630 метр биіктікте орналасқан. Жер сілкінісі нәтижесінде тас құлауы Ағынықатты өзенінің арнасын табиғи бөгетпен жауып, әдемі де көрікті көл пайда болды. Көл күзде ағаштардың алтынымен қоршалған, көктем-жаз мезгіліндегі су мөлдірі, өйткені көлді қоректендіретін бұлақтар Жоңғария мұздықтарынан бастау алады. Бірақ мұздықтардың еруі салқындаған кезде су мөлдірі көкке айналады. Сондай-ақ, Жасылкөл көлінің ауданы көптеген маралдар популяциясының мекендейтін жері болып саналады.

8.«Карнаузов қайнары» орманшы үйі. Маршрут аралас орман мен альпі шалғындары арқылы өтеді. Кіші Жаланаш өзенінің аңғары мен Сиверс алма ағашының алма бақтары маршрут бойынша зерттеу нысаны болып табылады. Маршруттың басынан бастап №1 демалыс орнына дейін қылқан жапырақты орманның көркем көрінісі, №2 демалыс орнынан №2 селфи аймағына дейін маршрут альпі шалғындары арқылы өтеді, маршрут бойынша жүру кезінде мұздықтардың көрінісі ашылады. №2 селфи аймағынан оңтүстік бағытта Ағынықатты өзенінің аңғарына және солтүстік-шығыс бағытта «Төменгі Жасылкөл» көліне панорама ашылып, әрі қарай №3 демалыс орнынан туристер «Карнаузов қайнары» орманшы үйіне барады.

№15 туристік маршрут «Ақкөл» шатқалы Маршрут бойындағы тамашалау (шолу) алаңдарындағы қарап-көру объектілерінің қысқаша сипаттамасы:

1.«Әулиетас» киелі жері. Екіаша ауылының маңында Сарқан ауданының Екіаша ауылын қоршап тұрған таулы жерлерде жасырылған қасиетті тас болып табылатын «Әулиетас» жергілікті киелі жері орналасқан. Тас орналасқан жер өте таңғажайып, айналасында әр түрлі өсімдіктер өседі. 2. Петроглифтер. Марқатау тауларының етегінде табиғат ескерткіштері – ерте темір дәуіріне жататын петроглифтерімен танысуға болады.

2.Киікбай шатқалы. Жол бойында Киікбай шатқалының қылқан жапырақты орман алқаптарының табиғи көрінісі.

3. Қарасырық өзен аңғары келушілерді өзен алқабының табиғи көрінісімен таңқалдырады.

4.Айдаусай шатқалы. Қарасырық шатқалындағы Айдаусай тас шатқалының көрінісі ашылады. Айдаусай шатқалы 1982 ж. сел ағынынан сол жақ саланың жоғарғы бөлігінен өзен аңғарына дейін биіктігі 10 м дейін жететін балшық тас толқынынан пайда болды.

5.«Ақкөл» көлі. Ақкөл көлінің қалыптасу жүйесі каскадты, 1 үлкен және 2 шағын көлдерден тұрады. Үшінші көлдің оңтүстік-батыс бөлігінде Тушинский мұздығы орналасқан. Көлдер соңғы онжылдықтарда мұздықтардың белсенді азаюы нәтижесінде пайда болды. Сонымен қатар, мұздықтағы үлкен көл басқа екі су айдынының профилінен бірнеше метр биіктікте орналасқан.

Көлді барынша толтырған кезде көлден толып кету орта моренаның орталық бөлігінде төменгі су айдындары бағытында жүзеге асырылды. Көлдер тасты беткейлермен және тастармен қоршалған.

Жоңғар Алатауының туристік бағыттары – бұл тек серуендеу немесе демалыс емес, бұл табиғатты сақтау, мәдени мұраны тану және экологиялық білімді арттыру мүмкіндігі. Әр бағыт өзінің тарихымен, табиғатымен және ерекше энергиясымен саяхатшыларға ұмытылмас әсер қалдырады. «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ туристік бағыттары арқылы келушілер табиғатпен үндесіп, қоршаған ортаны құрметтеуді үйренеді.

А.ТУРЫСБЕКОВА,
Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.



"Республиканская экологическая акция "Таза Қазақстан" посадка леса"

В Казахстане охрана окружающей среды становится важнейшим приоритетом государственной политики, и одним из ярких примеров этого является республиканская экологическая акция «Таза Қазақстан». Эта инициатива объединяет людей по всей стране, вдохновляя на реальные действия по восстановлению природы и улучшению экологического состояния регионов.

В рамках программы «Таза Қазақстан» ежегодно проводятся масштабные мероприятия, направленные на охрану окружающей среды, повышение экологической культуры населения и восстановление природных ресурсов. Одним из ключевых направлений акции является посадка леса — мощный символ ответственности перед будущими поколениями.

Особое значение акция имеет и для нас — сотрудников «Жонгар-Алатауского» национального природного парка, где я работаю. Мы с радостью поддерживаем инициативу «Таза Қазақстан» и ежегодно организуем посадку деревьев на территории парка. Наша цель — не просто высадить са-



женцы, но и восстановить природные экосистемы, защитить редкие виды и сохранить уникальные природные ландшафты.

Весной и осенью в различных регионах страны, а также вблизи сел, школ и природных зон, проходят массовые посадки саженцев. В мероприятиях принимают участие школьники, студенты, волонтеры, сотрудники государственных и общественных организаций. Только в рамках последнего этапа акции на тер-

ритории парка было высажено сотни саженцев.

Акция «Таза Қазақстан» — это не одноразовое мероприятие. Это часть системной работы, охватывающей экопросвещение, очистку территорий, восстановление природных объектов и вовлечение молодежи в защиту окружающей среды. Мы проводим разъяснительные беседы, эколоуки, привлекаем местное население к участию в акциях — и всё это делает наш общий вклад в охрану природы по-настоящему значимым.

Эта инициатива показывает, что даже одно посаженное дерево может стать началом большой перемены. А когда таких деревьев тысячи — меняется целый регион: становится чище воздух, оживают земли, возвращаются птицы. Казахстан уверенно движется к экологически устойчивому будущему, и каждый из нас может внести свой вклад — посадив дерево ради жизни.

Р. АБУЗЯРОВ,
мастер леса Жаланажского лесничества Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.



Шекарашы ардагермен кездесу өтті

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Сарқан шекара бөлімінің бөлімшелерінде Ауған соғысының ардагері, ҰҚК Шекара қызметінің құрметті ардагері, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, запастағы полковник Қазақпай Ертышпаевпен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында ардагер жауынгерлік жолынан сыр шертті, әскери қызметтің қадір-қасиеті мен шекарашы мамандығының жауапкершілігі туралы айтты. Сондай-ақ, жас шекарашыларға Отанға адал қызмет етудің маңызы жөнінде тағылымды кеңестер берілді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.



ЕНПФ наминает об изменениях в налоговом законодательстве

1) Какие изменения внесены в действующий Налоговый кодекс относительно сроков применения налоговых вычетов к доходу в виде ЕПВ лиц, относящихся к социально уязвимым категориям?

Как известно, при использовании единовременных пенсионных выплат (ЕПВ) на жилье или лечение согласно действующему налоговому законодательству оплатить индивидуальный подоходный налог (ИПН) можно на выбор вкладчика: сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой до пенсионных выплат по графику. В тоже время с 1 января 2024 года лица, относящиеся к социально уязвимым категориям, имеют право на стандартные налоговые вычеты (в пределах 882 МРП) с доходов в виде ЕПВ. В этом случае получатели, относящиеся к социально уязвимым группам, могут обратиться с соответствующими заявлениями и подтверждающими документами в ЕНПФ для перерасчета и возврата, удержанного ИПН. Ранее срок подачи таких документов составлял три года и есть те, кто изъял ЕПВ в 2021-2022 годах и по разным причинам сделать это не успели 15 июля 2025 г. в действующий Налоговый кодекс были внесены изменения и дополнения, которые продлили срок давности, установленный для обращений физических лиц определенных категорий по возврату ИПН, с 3 до 5 лет.

2) Поясните, пожалуйста, кто имеет право на перерасчет доходов и возврат ИПН? Куда необходимо обратиться?

Перечень физических лиц, имеющих право на перерасчет налогооблагаемого дохода и ИПН, определен действующим Налоговым кодексом Республики Казахстан. Это лица с инвалидностью первой, второй или третьей групп, один из родителей или опекунов детей с инвалидностью, один из усыновителей (удочерителей), приемных родителей детей-сирот, ветераны боевых событий и другие категории. Полный перечень лиц указан в пунктах 2) и 3) статьи 346 Налогового кодекса РК.

Получателям пенсионных выплат, которым при определении облагаемого дохода по ЕПВ стандартные налоговые вычеты, при наличии права на их приме-

нение, не были применены, необходимо срочно — до 31 декабря 2025 года (включительно) — обратиться в ближайший филиал ЕНПФ с заявлением и подтверждающими документами (в случае наличия в ЦБДИ сведений, подтверждающих наличие у получателя установленной инвалидности предоставление соответствующих подтверждающих документов не требуется) на применение стандартных налоговых вычетов для перерасчета доходов и возмещения ИПН.

3) Каким образом будет возвращен ИПН при своевременном обращении? В течение какого периода будут действительны принятые изменения?

После применения стандартного налогового вычета ИПН будет возвращен на индивидуальный пенсионный счет получателя в случае, если он был удержан. Если был выбран отложенный ИПН, то после 1 января 2026 года будут аннулированы обязательства по его уплате при получении ежемесячных пенсионных выплат.

Продление срока давности для обращений физических лиц определенных категорий по возврату ИПН будет действовать по 31 декабря 2025г. включительно, поскольку с 1 января 2026г. вступает в силу новый Налоговый кодекс Республики Казахстан и срок исковой давности снова составит 3 года.

Поэтому всем, кто получил ЕПВ в 2021-2022гг. и имеет право на применение стандартных налоговых вычетов, рекомендуем не откладывать и воспользоваться этим правом вовремя!

При возникновении вопросов можно обратиться в Call-центр: 1418 (бесплатно по Казахстану), 8 (727) 356 10 60 (междугородние и международные звонки).

4) Я являюсь лицом с инвалидностью 2 группы, подал документы в ЕНПФ для возврата налога, прошу разъяснить - почему не был возвращен полный размер налога с ЕПВ 5 000 000,00 тенге с отложенным видом уплаты ИПН?

Напомним, что согласно действующему налоговому законодательству, при использовании единовременных пенсионных выплат (ЕПВ) на улучшение жи-

лищных условий или оплату лечения, оплатить индивидуальный подоходный налог (ИПН) можно на выбор вкладчика: сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой до пенсионных выплат по графику. С 1 января 2024 года лица, относящиеся к социально уязвимым категориям, имеют право на применение стандартных налоговых вычетов к доходу в виде ЕПВ.

При этом сумма облагаемого дохода в виде ЕПВ из ЕНПФ определяется в следующем порядке:

От суммы дохода в виде ЕПВ отнимается сумма налоговых вычетов, указанных в соответствующих статьях Налогового кодекса. Итоговый остаток и является облагаемым доходом.

Например, если доход вкладчика в виде ЕПВ в 2021 году составил 5 000 000,00 тенге с налоговыми обязательствами 500 000,00 тенге (5 000 000,00*10%), то при применении стандартных налоговых вычетов в размере 882 МРП за 2021 год в сумме 2 572 794,00 тенге (882*2 917,00 тенге) производится корректировка налоговых обязательств в сторону уменьшения.

Таким образом, остаток налоговых обязательств (отложенный ИПН) составит 242 720,60 тенге, который рассчитан следующим образом:

((5 000 000,00 - 2 572 794,00)*10%).

Если Вы являетесь уже получателем пенсионных выплат из ЕНПФ и сумма отложенного ИПН была уже полностью или частично удержана и перечислена в бюджет, на основании поданных в ЕНПФ документов для возврата налога будет произведено возмещение и выплата возмещенного ИПН с корректировкой остатка задолженности в пределах 882 МРП.

Оставшиеся налоговые обязательства на 1 января 2026 года в связи с вступлением в силу нового Налогового кодекса будут аннулированы в январе 2026 года.

5) Мой супруг имеет инвалидность 2 группы и после применения стандартных налоговых вычетов остались налоговые обязательства. Прошу разъяснить, что будет с остатком налоговых обязательств?

С 01.01.2026г. вводится в действие Налоговый кодекс Республики Казахстан

№ 214-VIII ЗРК от 18 июля 2025 года, предусматривающий освобождение от удержания ИПН с дохода в виде пенсионных выплат из ЕНПФ, единовременных пенсионных выплат физических лиц — резидентов Республики Казахстан.

Все налоговые обязательства по отложенному ИПН с ЕПВ, имеющиеся у вкладчиков (получателей) ЕНПФ по состоянию на 01.01.2026г., будут аннулированы.

6) Для какой категории лиц отменен ИПН с 2026 года и с каких видов пенсионных выплат? Возможен ли возврат ранее удержанного ИПН с ЕПВ, если я не являюсь льготником?

Положениями нового Налогового кодекса, вводимого с 01.01.2026 г., ИПН не будет удерживаться со всех видов пенсионных выплат за исключением случаев, если получатель является нерезидентом Республики Казахстан, а также не будет удерживаться с ЕПВ. То есть, пенсионные выплаты из ЕНПФ, единовременные пенсионные выплаты физическим лицам, являющимися резидентами Республики Казахстан, не будут облагаться ИПН.

Положениями нового Налогового кодекса возврат ранее удержанного ИПН не предусмотрен, в связи с чем в случае уплаты вкладчиком ИПН одновременно — он возвращаться не будет.

7) Я являюсь лицом с инвалидностью 2 группы, инвалидность присвоена в ноябре 2024 года. Прошу разъяснить, почему мне отказали в перерасчете дохода и возврата ИПН с ЕПВ, которые я осуществил в 2022 и 2023 годах?

Согласно действующему Налоговому кодексу стандартные вычеты применяются в том календарном году, в котором возникло, имеется или имелось основание для применения данных налоговых вычетов.

К ЕПВ осуществленным в 2022г. и 2023г. ЕНПФ не вправе применить стандартные налоговые вычеты в связи с тем, что на момент получения дохода в виде ЕПВ Вы не являлись лицом с инвалидностью.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

• 15 қараша – Ұлттық валюта күні

Теңге тарихы мен маңызы

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл валютасы – Теңге - 1993 жылдың 12 қараша күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылып, 15 қарашадан бастап қолданысқа енді.

Ұлттық валютаның атауын ұсынған Халықаралық Инженерлер академиясының академигі, Қазақстанның белгілі ғалымы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Құрмет» орденінің иегері Сауық Тәкежанов. 1997 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 15 қараша – төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді. Теңгенің тарихын қысқаша айтып өтейік: 1992 жылдың 27 тамызы күні теңге купюрасының үлгілері Ұлттық банкпен бекітіліп, ертеңгі күні қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжелеловтер алғашқы теңгені басып шығару үшін Ұлыбританияға кетті. Бүгінгі күнде банкнот - Ұлттық банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета - Өскемендегі Монета сарайында шығарылады. Ұлттық валютаның шыққанын халқымыз үлкен сеніммен қарсы алды, өйткені сол уақытта Қазақстандағы өнеркәсіптік өндіріс, ауыл шаруашылығы құлдырау үстінде болған, осыған байланысты экономикалық қиыншылықтарымен тікелей байланысты болды. Бүгінгі



күні ұлттық валютамыз Қазақстанның қазіргі заманғы бейнесін көрсете отырып, мемлекеттік рәміздермен, еліміздің сәулет нысандарымен және табиғатымен бейнеленген. Ұлттық ою-өрнек, елтаңба бейнеленген монеталар қазақ елінің мәдениетін, әдебиетін, сонымен қатар шаңырақ ата-бабаларымыздың қоныстанған қонысы киіз үйді білдірсе, қанатты ат жылқы – ер қанаты, адамның досы

екендігін көрсетіп тұр.

15 қараша күні қаржы секторының қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Барлық кәсіп маңызды және ерекше, өз кезегінде қаржыгер мамандығы - жауапкершілік пен біліктілікті талап ететін жауапты қызмет. Қаржы саласында қызмет көрсетіп жүрген мекемелердің бірі – Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы. Ұжымда ескі ақшаны қазақстандық теңгеге ауыстыру үдерісіне қатысқан елдің алғысы мен ықыласына бөленген тәжірибелі маман Г.Т.Орынова, сонымен қатар Б.М.Малдыбаева, С.Исабаева, М.Калдыбекова, Қ.Ақан сияқты әріптестерім бар. Қаржыгер күні аясында ауданымыздағы қаржыгерлерге жұмыста толағай табыс, еңбектеріне толассыз жеміс тілеймін! Теңгеміз тұрақты болып, еліміздің экономикалық әл-ауқаты арта берсін!

Б.МАЛДЫБАЕВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқарма
басшысының орынбасары.

ӘДЕПТІЛІК – мемлекеттік қызметтің негізі

Мемлекеттік қызметкердің қызметі – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Сол себепті әрбір мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби шеберлігімен қатар, жоғары мәдениетімен, сыпайылығымен, әділеттілігімен ерекшеленуі тиіс. Бұл – оның жеке қасиеті ғана емес, бүкіл мемлекеттік қызмет жүйесіне деген сенімді арттыратын негізгі фактор.

Әдеп – бұл тек мінез-құлық нормасы ғана емес, бұл – адамгершілік, адалдық, сабырлылық, шынайылық пен жауапкершілік ұғымдарынан тұратын үлкен рухани құндылық. Мемлекеттік қызметкердің бойындағы осы қасиеттер оның қоғамдағы орнын айқындап, халық алдындағы беделін қалыптастырады. Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормалары Қазақстан Республикасының заңнамаларында, соның ішінде Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде нақты бекітілген. Бұл құжат әр қызметкерге өз іс-әрекетінде қандай шектеулер барын, қандай қағидаларды басшылыққа алу қажеттігін нақтылап көрсетеді.

Халықпен жұмыс жасау – үлкен жауапкершілік. Қандай жағдайда болмасын, мемлекеттік қызметкер сабырлық танытып, мәселені байыппен шешіп, әр азаматтың өтінішіне құрметпен қарауы тиіс. Дауыс көтеріп сөйлеу, теріс қылық көрсету, немқұрайлы қарау – бұл мемлекеттік қызметке тән емес.

Бүгінгі қоғам бізден тек кәсіби біліктілік қана емес, адамгершілік пен әдептілікті де талап етеді. Өйткені халық мемлекеттік қызметкер арқылы мемлекеттің бет-бейнесін көреді. Сол себепті қызмет барысында сырт келбетімізден бастап, сөйлеген сөзімізге, іс-әрекетімізге дейін барлығы заңға, әдепке сай болуы қажет.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметші болу – үлкен абыроймен қатар, зор жауапкершілік. Өйткені әдеп – тек тәртіп емес, бұл – сенім мен құрметтің кепілі.

Ельдар ҚЫДЫРЖАНҰЛЫ,
«Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты»
.мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

«Мен емханаға бармаймын және МӘМС-ті пайдаланбаймын», «Учаскемді де, дәрігерімді де білмеймін, олар мені іздемейді де». Өкінішке орай кейбір азаматтардан осындай пікірлерді естіп жатамыз. Енді біреулер тегін медициналық көмекті алу қиын, оған көп уақыт пен күш кетеді деп есептейді. Осыған орай, емханаға не үшін бару керек және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктерін қалай пайдалануға болатынын зерттеп көрдік.

ЕМХАНАҒА ЖҮГІНГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

Емханада тіркелген азаматтарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) көрсетіледі. Бұл – медициналық көмектің базалық деңгейі. МСАК тіркелген тұрғындарды есепке алады, профилактикалық тексерулер өткізіп, флюорографияға түсіреді. Ауруларды ерте сатысында анықтауға, созылмалы науқастардың жағдайын бақылауға, асқынулар мен шұғыл госпитализацияны болдырмауға, жалпы халық денсаулығын тұрақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Сайып келгенде, МСАК – сіздің учаскелік дәрігеріңіз және сіз тіркелген емханаңыз. Кез келген алғашқы шағымдар пайда болған кезде профилактикалық мақсатта немесе бақылау үшін сол жерге жүгінесіз. Сондықтан өзіңіздің қай емханаға тіркелгеніңізді және дәрігеріңіздің кім екенін білу маңызды.

Учаскелік дәрігерге бару үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылу шарт па?

Жоқ. Пациенттер учаскелік терапевтке немесе жалпы тәжірибе дәрігеріне «сақтандырылған» мәртебесінің бар-жоғына қарамастан бара алады. Бірақ кейін МӘМС пакеті аясында бейінді мамандардың кеңесі немесе медициналық қызметтер қажет болса, «сақтандырылған» мәртебесін алу керек.

Бейінді мамандарға жазылу үшін неге учаскелік дәрігерге бару керек?

Бейінді мамандарға жазылу терапевт арқылы жүргізіледі. Себебі ол бастапқы тексеру жүргізіп, алдын ала диагноз қояды және әрі қарайғы тексерудің қажеттілігін анықтайды. Пациентті қай маманға жолдау керектігін шешіп, қажетті талдаулар мен зерттеулерге жолдама береді. Мұндай тәсіл өздігінен емделудің алдын алып, негізсіз жүгінулерді азайтады және пациенттердің ағынын оңтайландырады. Осылайша, бейінді мамандар өз көмегіне шын мұқтаж жандарға көбірек уақыт бөле алады.

Анализдер мен диагностикаға жолдаманы қалай алады?

Кез келген кеңес беру және диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын, шағымдарын және белгілерін қарайды. Егер тиісті көрсеткіштер болса, дәрігер зертханалық және өзге де зерттеулерге жолдама береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы шарт.

Медициналық қызметкерлер профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың ең тиімді әдістерін таңдау кезінде клиникалық хаттамаларды басшылыққа алады. Талдаулар мен диагностикалық зерттеулерге жолдаманы тіркелген жеріңіздегі дәрігерден алуға болады. Әдетте бұл – терапевт, ол көрсеткіштер бойынша немесе профилактикалық тексеру аясында зерттеу тағайындайды.

Жеке клиникада МӘМС есебінен операция жасауға болатыны айтылды. Оған жолдаманы қалай аламын?

Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері пациенттің жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ әдетте жедел ауырсынулар, созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар немесе стационарлық бақылауды қажет ететін өзге жағдайлар жатады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығы «ҚР стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты туралы»).

Ауруханаға жату үшін не істеу керек?

- Тіркелген емханадағы дәрігерге жүгіну. Егер көрсеткіштер болса, маман тексеру жүргізіп, диагноз қою үшін қажетті зерттеулерді толық көлемде тағайындайды;
- Емхана жағдайында қажетті мини-

малды тексеруден өту;

• Ауруханаға жатуға жолдама алу. Медициналық ұйымды өз дәрігеріңізбен бірге таңдай аласыз;

• Ауруханаға жату талонын алу. Ол арқылы «Емдеуге жатқызу бюросы» сайтында өз кезегіңізді бақылауға болады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету (ЖТМК) үшін тіркелген медициналық ұйым профильдік маманның қорытындысына сүйене отырып, пациенттің құжаттарын ЖТМК жөніндегі комиссияға жолдайды.


Пациент тіркелген медициналық ұйым оған тиісті бейін бойынша осы қызметтерді көрсететін өзге ұйымды таңдау мүмкіндігі бар екенін хабарлауы тиіс.

ЖТМК жөніндегі комиссия жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы бұйрығымен жасалады және пациентті тиісті медициналық ұйымға жолдау мәселесін шешеді. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) тізбесіне кірмейтін мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде көрсетіледі. Мамандандырылған көмектің көлемі, соның ішінде зертханалық және диагностикалық зерттеу әдістері, клиникалық хаттамаларға сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес).

Егер маған жолдама беруден бас тартса не істеу керек?

Егер пациенттің қандай да бір медициналық қызметке көрсеткіштері бола тұра дәрігер жолдама немесе көмек беруден бас тартса емханалар мен ауруханаларда құрылған Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Бұл қызмет «осында және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге арналған.

«Әлеуметтік медициналық



•Әлеуметтік қамқорлық

Қамқорлық пен мейірімнің үлгісі

Қоғамдағы әрбір адамның тағдырына бейжай қарамау – адамдық борыш. «Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының мамандары мен Қойлық ауылдық әкімдігінің қызметкерлері бірігіп, ел ішінде үлгі боларлық игі іс атқарды. Олар 1952 жылы туған Қойлық ауылының тұрғыны Локеев Анатолийге әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан ауқымды көмек көрсетті.

Азаматтың ұзақ жылдар бойы жеке куәлігі болмаған. Осы мәселені шешу үшін орталықтың мамандары қажетті құжаттарды жинап, мемлекеттік органдармен бірлесіп, жеке куәлігін рәсімдеп беруге ықпал етті.

Құжаттандыру жұмыстары аяқталған соң, «Халық банкінің» жергілікті бөлімшесінің басшылығы азаматқа банк шотын жедел ашып, қажетті қаржылық қызметтерді алуына мүмкіндік жасады.

Бұдан кейін орталық мамандары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына барып, зейнетақы рәсімдеуге арналған құжаттарды өткізді. Нәтижесінде Локеев Анатолийдің зейнетақысы тағайындалды.

Орталықтың заңгері қызмет алушының еңбек өтілін есептетіп, базалық зейнетақысымен бірге еңбек жылдары бойынша да тиесілі төлем алуына көмектесті.

Сонымен қатар, азаматтың көру қабілетінің төмендігін ескере отырып, мамандар оны аудандық ауруханаға апарып, тексеруден өткізді. Дәрігерлердің қорытындысына сай, алдағы уақытта облыстық ауруханада көз жарына ота жасау жоспарлануда.

Бұл ізгілікті іс – қоғамдағы қамқорлық мәдениетінің, адамға деген құрмет пен жанашырлықтың айғағы. «Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы өз қызметінің басты мақсаты – азаматтардың өмір сапасын арттыру, әлеуметтік әлсіз топтарға нақты көмек көрсету екенін іспен дәлелдеп келеді.



Мұндай мысалдар қоғамдағы ынтымақ пен өзара қолдаудың маңызын арттырып, көпшілікке өнеге болары сөзсіз.

Е.БИЛЕШБАЙ,
«Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әлеуметтік маманы.

•Әл-Фараби - 1155 жыл

Шығыстың Ғұлама ойшылы

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Түркістан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқиды, еңбек етті.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Ойын арқылы оқыту – баланың дамуына жол

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде бала тұлғасын жан-жақты дамыту, оның танымдық белсенділігін арттыру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Әсіресе мектепалды даярлық кезеңінде білім берудің мазмұны баланың табиғи даму заңдылықтарына сүйеніп құрылуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ойын арқылы оқыту – ең тиімді педагогикалық әдістердің бірі саналады.

Бала – табиғатынан ойынға бейім жаратылыс. Ойын – оның өмір сүру формасы, әлемді тану тәсілі, үлкен өмірге қадам басудың алғашқы мектебі. Сондықтан да оқу іс-әрекетінде ойын элементтерін пайдалану – баланың қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның тілін, ойлау қабілетін, қиялын, шығармашылық мүмкіндігін дамытады.

Ойын – танымның кілті: Ойын барысында бала айналасындағы құбылыстарды зерттеп, салыстырып, өз бетінше қорытынды жасайды. Бұл оның логикалық ойлауын қалыптастырады. Мысалы, «Сандар әлеміне саяхат» атты математикалық ойын арқылы бала сандарды салыстырып, санау дағдыларын жетілдірсе, «Табиғатты таны» ойыны арқылы табиғат құбылыстары жайлы түсінігін кеңейтеді.

Мектепалды даярлық сыныбында өткізілетін әрбір сабақта ойын элементін қолдану баланың оқу әрекетіне деген қызығушылығын сақтап, шаршауын болдырмайды. Әсіресе, дидактикалық, қимыл-қозғалыс, сюжеттік-рөлдік және шығармашылық ойындар – тұлғаның дамуына зор ықпал ететін әдістер.

Мұғалімнің рөлі: Мұғалім ойын арқылы оқытудың ұйымдастырушысы ғана емес, бағыт берушісі бола білуі керек. Сабақтағы әр ойынның мақсаты мен нәтижесі нақты анықталуы тиіс. Мысалы, «Кім жылдам?» ойыны арқылы зейін мен ептілікті дамыту көзделсе, «Достық көпірі» ойыны арқылы балаларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ынтымақтастыққа үйретуге болады. Ойын элементтерін тиімді қолдану үшін мұғалімнің шығармашылық қабілеті, әдістемелік шеберлігі маңызды. Балалардың жас ерекшелігіне сай ойын түрлерін таңдап, оны оқу мазмұнымен ұштастыру – кәсіби шеберліктің белгісі.

Ойын – өмірге дайындайтын мектеп Ойын арқылы оқыту – тек танымдық қана емес, тәрбиелік мәні бар үрдіс. Ол бала бойында ұжымшылдық,

Ағалдық – ағамгершіліктің белгісі

Адалдық әрқашанда адамның басты моральдық құндылықтарының бірі болып келеді. Қазіргі қоғамда адалдықтың маңызы ерекше, өйткені ол – мемлекет пен азамат, ұжым мен қызметкер арасындағы сенімнің негізі.

Ал сыбайлас жемқорлық, керісінше, осы негізді бұзады. Ол қоғамды әділеттіліктен айырады, сенімсіздік тудырады және елдің дамуын тежейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың, әрбір қызметкердің міндеті.

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ мекемесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Мекемеде адалдықты нығайтуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылуда: ашық кадр саясаты қалыптастырылып, заңсыздыққа жол берілмейді; цифрлық сервистер мен автоматтандыру енгізіліп, адами фактор азайтылуда; қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту мен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде; қоғамдық бақылау мен халықпен өзара әрекет күшейтілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әрқайсымыздан басталады. Адалдықты өмірлік қағида еткен адамдар саны артқан сайын, қоғам да, табиғат та тазара түспек.

Ш.ӘКІМЖАН,
«Жоңғар-Алатауы» МҰТП РММ заңгері.

Қар барысының мекендейтін ортасы

Қар барысы биік тауларда мекендейтін ірі жыртқыш, қорғауды қажет ететін мысық тұқымдастарының өкілі.

Қазақстанның Қызыл кітабына 3-ші санат бойынша тіркелген. Парк аумағының биік жартасты альпі және субальпілік белдеулерінде теңіз деңгейінен 2500 биіктікте мекендейді. "Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" РММ Алакөл филиалының аумағында қар барысы Жылысай, Аттапқан, Аршалы, Қора, Арқанкерген шатқалдарында мекен етеді.

Қорегі таутеке, елік, доңыз, марал, қоян, ұлар және кекіліктер. Шағылысуы ақпан айында басталып, наурыз айында аяқталады, төлдерінің пайда болуы маусым, шілде айларында. Олардың сирек болуына байланысты барыстар туралы мәлімет аз, әлі күнге дейін зерттелуде. Табиғатта бұл аңдар 13 жылға дейін, одан да көп өмір сүруі мүмкін. Олар жасырын, жалғыз аң аулауды немесе жасырын жерден олжаға жорғалайды.

Ұлттық парктің биологиялық әртүрлілігін келешек ұрпаққа, бай табиғи ресурстарын сақтап жеткізуіміз, біздің әрқайсысымызға, табиғатқа деген көзқарасымызға және қарым-қатынасымызға байланысты.

Б.ХУАНАР,
"Жоңғар-Алатауы" МҰТП РММ Алакөл филиалының Үйгентас орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

жауапкершілік, ізгілік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, ойын кезінде бала өз ойын еркін жеткізіп, өз пікірін қорғауға үйренеді. Бұл болашақта оның мектеп өміріне бейімделуіне үлкен көмек береді.

Мектепалды даярлық тобы – баланың тұлғалық қалыптасуындағы алғашқы баспалдақ. Сондықтан осы кезеңде ойын арқылы оқыту әдістерін кеңінен қолдану – баланың жан-жақты дамуына жол ашады.

Қорытындылай келе, ойын – баланың даму құралы, ал ойын арқылы оқыту – сол дамуға апарар ең қысқа әрі тиімді жол. Бала үшін ойын – қуаныш, ұстаз үшін – тәрбие мен білім берудің алтын көпірі.

Асем ҚАНАТҚАНҚЫЗЫ,
Алмалы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды сыныбының мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ЖОМАРТ ИГІМАН ОҚУЛАРЫ

Мектеп оқушылары арасындағы «Таңдайына сәруар сөз ұялаған» атты көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:

Байқау 2025 жылғы желтоқсанның 8-інде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқып, өлең-өнер жайындағы алдын ала жазған эссесін ұсынады.

Қазылар алқасы қала мектептерінің 1-11 сыныптарынан, колледждерден іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



Адам жанының арашашысы

Адамзат баласын түрлі дерттен аман алып қалуда қастерлі мамандық иелері – дәрігерлердің еңбегі ерекше. «Дерт көп, денсаулық біреу» деген тәмсілді естен шығармағанымыз абзал. «Ең бірінші байлық – денсаулық» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек.

Осы ретте әр адамның денсаулығы, өмірі үшін күресіп жатқан дәрігерлер қауымына мың да бір алғыс айтуымыз керек. Шынында, аурумен алысып жатқанда адамға бір ауыз жылы сөздің өзі шипа екен. Осы орайда, аудандық орталық аурухананың ұжымына, оның ішінде профессор, медицина ғылымдарының докторы, жоғарғы категориялы дәрігер онколог Шалбаева Раш Шарипбаевна, мейірбике Вишнякова Раушан Слямбековнаға ризашылығымды білдіреміз. Барлық науқастың жағдайын жасап, кез келген адамды күлімдеп қарсы алады. Өйткені, бұл кісілер біздің құлан-таза айығуымызға себепші болды. Ақ халатты абзал жандар осындай қиын шақта адам жанының арашасы болып, науқастардың ағайын-туыс, отбасына аман-есен оралуы үшін өз өмірлеріңізді қатерге тігіп жүрсіз. Адам жанының арашашысы болып жүрген жандардың кәсібіне береке берсін дейміз. Қызметте абыройлы болуларына тілектеспіз.

Ізгі тілекпен: бір топ емделуші.



Хабарландыру/Объявление

●Петухов Игорь Владимировичтің атына тіркелген ГАЗ 4509 маркалы 548 BCS 05 мемлекеттік нөмірлі көліктің №BV00127731 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Қабдрахманов Ержан Сериковичтің атына тіркелген Renault Laguna маркалы 781 SAA 05 және ВАЗ 21093 маркалы В 962 KTN автокөліктердің техникалық куәліктері мен мемлекеттік нөмірлері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Открылось наследство после смерти гр. Мукатаева Умерсерика Мухаметкаримовича, умершего 30 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

●Открылось наследство после смерти гр. Абдухаликовой Ольги Петровны, умершего 04 августа 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

Қараша айында қандай мереке атап өтіледі

Қазақстан азаматтары қараша айында бірқатар кәсіби мерекені атап өтеді. Оның ішінде статистика күні, цифрландыру қызметкерлері күні және сыртқы барлау күні де бар.

Бұл күндері арнаулы демалыс берілмесе де, мерекелік көңіл-күйді сезініп, әріптестерді құттықтауға болады.

- Сыртқы барлау күні - 5 қараша;
- Статистика күні - 8 қараша;
- Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күні - 10 қараша;
- Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің күні - 15 қараша;
- Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні - қарашаның үшінші жексенбісі (2024 жылғы 17 қараша);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының күні - 18 қараша.

Egemen.kz.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

• Тағзым

Биік еді түр - тұлғаң



Біз дәрілбақиға аттанғанша жарық дүниенің бүкіл болмысын түсініп үлгереміз бе?! Жаратылысты былай қойғанда адамның өзін өзі тануы үшін жалғыз өмір жете ме? Аталы сөзін айтып, ұрпағын соған ұйытып, бекзаттыққа тәрбиелеген **Мейрамғали аға Қалиасқаровтың** жылдық асында осы сауал көкейімізге келді. Тірлігінде көңілінен қоныс тапқан жыр-мұраны жатқа оқып жүретін ағамыздың балаларына да осы қасиет қоныпты. Ұрпақтар сабақтастығына адал мағыналы өмір келешек буын арқылы жалғасын таба беретіні анық.

Бұл ғұмырдың таңы жарқын, кеші мұң,
Туған жерде жазылды анық есімің.
Қақтың қалай дәрілбақи қақпасын,
Жаптың солай өміріңнің есігін.

Қыран - тағдыр қия шыңға ұмтылған,
Қазына еді кеудең, аға, жыр тұнған.
Өттің, кеттің... иілмеген қалпыңда,
Шынардайын биік еді түр - тұлғаң.

Жұрт таныды биік, асқақ тұлғаңды,
Артыңызда сағыныш пен мұң қалды.

"Кету үшін келгенбіз" деп жыр оқып,
Кетіп тындың, сағындырып туғанды.

Туған елдің перзенті едің сенімді,
Туған жерге төгіп едің тереңді.
Қайсарлығын берген саған қара жер,
Өтеуіне алған екен өзіңді.

Алды ақыры ажал шіркін тоймайтын,
Көзден ұшты жалған дүние алдайтын.
...Есіміңді жаңғыртатын жарың бар,
Ұрпағың бар ізгі жолды жалғайтын.

Жомарт ИГІМАН.

Жарқын бейнең жадымызда

Білім беру саласының үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері, ардагер ұстаз **Мамырбекова Күлбан Аханқызы** мәңгілік келмес сапарға аттанды.

Күлбан Аханқызы 1954 жылы Новопокровка селосында дүниеге келген. Ол мектептен соң Қарағанды мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін үздік бітіріп, туған ауданында ұстаздық жолын бастады. Екіаша орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі, аудандық білім бөлімінің әдіскері, Новопокровка орта мектебінің директоры, Сарқан аудандық партия комитетінің бөлім басшысы, Сарқан аудандық білім бөлімінің басшысы қызметтерін атқарып, туған жеріне еңбегі сіңген, жүздеген жас мамандардың тәлімгері болған, білім саласының дамуына үлес қосқан тұлға болатын.

Зейнеткерлікке шыққанша Алматы қаласында №102 мектептің директоры қызметін абыройлы атқарып, еңбегі еленіп, құрметке ие болған әріптесімізді іздейтін, сағынатын ізбасарлары аз емес. Туыстарына қамқор, достарына адал жақсы адамды соңғы сапарға қимастықтан шығарып салғандар көп болды. Сол көптің ішінде өзі қызмет атқарған бөлімнің, аудандағы ұстаздардың атынан отбасына, туыстарына қайғырып көңіл айтамыз!

Аудандық білім бөлімі,
Білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының аудандық комитеті.



Құрылтайшысы:

"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:

ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.